

Қоршаған орта
4-бет

Түрме жазаламайды, тәрбиелейді
6-бет

Сөз рухы сілкінген күн
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 27 ҚАҢТАР, 2024 ЖЫЛ №11 (23 333)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

«Қарағандыны бірге тұрғызамыз!»



90 жылдық тарихы бар Қарағандыда көмір – бүгінге дейін қаланың өнеркәсіптік маркасы. Соған қарамастан, шикізат бағытынан ұқсату кәсіпорындарына бет бұрған қала өнеркәсіптік көрсеткіштер бойынша бүгінде республикада жетекші орын алады. Өңдеуші өнеркәсіптерді дамыту мақсатында отандық инвесторлармен қатар, шетелдік инвесторларға да басымдық берілетінін айту керек. Мәселен, өткен жылы 147 млрд. теңгеге 11 жаңа өндіріс іске қосылса, оның үшеуі – шетелдіктердің қатысуымен. Нәтижесінде қала экономикасы жанданып, шағын және орта бизнес нығайып келеді. Қала көшелерін абаттандыруда да үлкен жұмыстар жүргізілуде. Соңғы жылдары Қарағанды жаңа нысандармен көркейіп, құрылыс бойынша республикада бесінші орынға шықты.

рағандыдағы Жаңа қаланың жоспары қарастырылып, бекітілген болатын.

Сол кезде, қойнауы көмірге толы Қарағандының бас жоспарында кемшіліктер болды. Атап айтқанда, Жаңа қаланың құрылысы үшін таңдалған ауданда кемі 500 метр тереңдікте көмір қоры болды.

Сәулетшілер қағаз бетінде қала жоспарын сызып жатқанда, Қарағанды құрылысы Бұқпа өзенінің солтүстік-шығыс жағалауында қарқынды жүріп жатты. Небары 5-6 жыл ішінде кең көшелері, жасыл алаңдары, көпқабатты үйлері, мектептері, қонақ үйлері, дүкендері, ауруханалары, моншалары, әкімшілік ғимараттары бар жаңа қала бой көтерді. Жол төсеу, тротуар салу, көшелерді жарықтандыру, көгалдандыру, кәріз, су құбыры және басқа да қаланы абаттандыру шараларына көп көңіл бөлінді. Сол кездегі қалақұраушы негізгі кәсіпорын – «Қарағандыкөмір» тресі.

Партияның «Қарағандыны бүкіл Қазақстанмен, бүкіл Кеңес Одағымен бірге тұрғызамыз!» деген ұранына орай Мәскеуден, Ленинградтан, Донбасстан және басқа да өңірлерден Қарағандыға жоғары білікті инженерлер мен жұмысшы кадрлар, ғалымдар, педагогтар, медицина және мәдени қызметкерлер ағылды.

1934 жылдың басында Қарағандыда 100 мыңнан астам адам тұрады. Жаңа қаланың қарқын алған құрылысына қажетті кірпішпен Федоровқадағы кірпіш зауыты қамтамасыз етті. Сол кезде жылына 20 миллион кірпіш шығарған зауыт 2005 жылдың сәуіріне дейін жұмыс істегенін айту керек.

Осы жылы 41 көпөңірлі тұрғын үйдің жедел құрылысы басталды. Құрылысшылар 8 сағаттық жұмыс күнінде жоспардағы 10 620 кірпіш орнына 25300 кірпіш қалап, керемет көрсеткішке жетті.

Ал, 1934 жылғы 7 қарашада «Союзстройтрель» 42 тұрғын үй мен тәулігіне 15 мың адамды түсік аспен қамтамасыз ететін зауыт-асхананы пайдалануға берді.

Осылайша жылдар бойы өркен жайған Қарағанды бүгінде жарты миллионнан астам халық тұратын әсем қалаға айналған.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Сурет шық дереккөзінен

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1934 жылғы 10 ақпанда «Қарағанды көмір бассейнін пайдалану жөніндегі мемлекеттік трест құрылысының аумағында пайда болған елді мекен» Қарағанды қаласы болып қайта құрылғанда Ескі қала, Майқұдық, Тихоновка, Жаңа Тихоновка, Компанейск, Михайловка, Федоровка, Узенка

сияқты шашыраңқы орналасқан жұмысшы ауылдардан ғана тұрғанын көрсетеді тарих. Ал, үлкен құрылыс КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 1936 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен Қарағанды облыс орталығына айналғанда басталды. Қаланың Мәскеудегі «Мособлпроект» институтының жобалаушылары – сәулетшілер А.Кузнецов, А.Карнаухов, О.Кепне және П.Шумский әзірлеген бас жоспары 1938 жылы бекітілді. Ал, 1939 жылы Қа-

PISA: білімнің өзгеруі – заңдылық

15 жастағы баланың теориялық білімін өмірде қаншалықты қолдана алатындығын тексеру – қоғам үшін өзекті. Сондықтан, заман ағымы белгілі бір мектептің ғана емес, елдің білім беру жүйесінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін PISA тестілеуін маңыздылар қатарына шығарды. Желтоқсанда еліміздегі 1000 білім беру ұйымында мектептерге арналған халықаралық зерттеу өтті. Соңғы жылда тек ҰБТ-ға дайындалумен уақыт өткізетін оқушылардың PISA-ға қозғарасы оң.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

PISA деген не?

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалайтын халықаралық бағдарлама (ағылш. Programme for International Student Assessment, PISA) – сынақ аланы. Әлем елдеріндегі оқушылардың жалпы сауаттылығын анықтайды. Білімді практикада қолдана алу қабілетін де бағалайды. Үш жылда бір өтетіндіктен, тестке 15 жастағы оқушылар қатысады.

–Ата-аналар арасында бұл тестілеуді мектепті тексеру, аттестациялау деп түсінетіндер бар. Бұл – әлем елдерімен біріге отырып, білім сапасын салыстыруға арналған зерттеу. Сонында білім сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар беріледі, – дейді білім басқармасы мамандары.

Мұғалімдердің сөзіне сүйенсек, оқушылар үшін PISA-ға дайындалу – білім деңгейін әлем оқушыларымен салыстыруға мол мүмкіндік. Ол оқушының күшті әрі әлсіз жақтарын анықтап, мектеп бағдарламасын қаншалықты меңгергенін де байқатады.

–PISA-да интерактивті тапсырмалар бар. Мәселен, белгілі нысанды бақылап, оның қалай жұмыс істейтінін айтуыңыз керек. Аналитикалық сұрақтар да бар. Бірлескен күш-жігермен мәселені шешуді қажет ететін ұжымдық тапсырмалар да болуы мүмкін. Бұл баланың топта жұмыс істей алатындығын көрсетеді, – дейді №101 мектептің мұғалімдері.

Оқу үлгерімі – маңызды

Мектептерге арналған PISA-ны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы өткізеді. Қа-

зақстанда «Мектептерге арналған PISA-2023» халықаралық зерттеуі сәтті аяқталды. Оған еліміздегі барлық өңірдің 965 мектебі мен 35 колледжін қоса алғанда 1000 оқу орны қатысты.

– 3 жылдық циклды құрайтын негізгі PISA-дан мектептерге арналған PISA-ның айырмашылығы ол жыл сайын өткізіледі және әрбір жекелеген мектеп деңгейінде нәтижелерді талдауға, жақсартуға болатын нақты бағыттарды анықтап, жеке есептерді алуға мүмкіндік береді. Жан-жақты толықтырылған есептерді мектеп әкімшілігі білім сапасын арттыру-

дың стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалана алады, – деді Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету саясаты басқармасының басшысы Динара Абылканова.

Бүгінде зерттеу тесттері Аустралия, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Испания, Қытайда және әлемнің 14 елінде жүреді. Зерттеу тек білім мен дағдыларды бағалап қоймай, сонымен қатар, елдегі оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететін факторды анықтап береді.

► 2-бет

ҰСЫНЫС

Ақтоғай ауданы әкімі мен аудандық мәслихаттың назарына!

Қалкен аға қалай ұмытылып барады?

Ақтоғай аты аңызға айналған үш арыстың елі. Кешегі совет өкіметі кезінде де елі үшін жеңін жастық, етегін төсек қылған не бір ер-азаматтар аз емес еді. Соның бірі мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Қалкен Мәкенбаев елі (1924-2010 ж.ж.). Сол кісінің аты қалай ұмытылып барады?!

Көкеңнің өзі тектінің тұқымы еді, Алаштың арысы Әлімхан Ермековке ет жақын туыс, Әлағаның сөзін тындап, тәрбиесін көрген санаулы қазақтың бірі хам бірегейі. Соның бәрін айтуға мына мақаланың көлемі де көтермейді ғой? Көбісін Қалкен ағаның өзі жазып, бізге, кейінгі буынға ескерткіш ретінде қалдырып кетті. «Кеудесі жақсылардың – алтын сандық» демекші, ақсақалдың іші толы қазына еді ғой, шіркін!

Әлімхан Ермековтің немересі совет мектебінде оқып жүрген кезінің өзінде орыстың алдыңғы қатарлы зиялылары, саяси көзқарастары үшін қуғын көрген Могилевский, Ясневскийлерден дәріс алады. Лениндік-сталиндік догмалармен қатып қалған қатардағы шенеунік болмай, ел-жұртың ойлайтын азамат болып өседі. 17 жасында Ұлы Отан соғысына аттанып, 1943-те ауыр жараланып, елге оралған. 1950-1973 жылдар аралығында аудандық партия, совет буындарында жауапты жұмыстар атқарған. 1973 жылдан жаңадан ашылған Жезқазған облысы мәдениет басқармасын басқарып, облыстың рухани түлеп, өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан тұлға.

Жезқазған – Ұлытау облысы болып енші алып бөлек кетті. Қалкен ағаның көзін көргендердің көбісі сонда, Ақтоғай бізде қалды. Енді, Қалкен ағаның есімін соғыстан кейін өзі келіп директор болған Қызылжар №2 мектебіне берудің сәті келіп тұр? Жақсысын маңдайына ұстаған елдің берекесі мол болады.

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,
ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
Қарағанды қаласының Құрметті азаматы



Мұғалім мәселесі шешіледі


Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов өңірлерде жүргенде мұғалімдер МӘМС-ке тұрақты түрде жарна төлесе де, дәрігерге көрінерде мәселеге тап болатынын айтқан болатын.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл – үлкен мәселе. Бізде мыңдаған мұғалім ай сайын МӘМС-ке жарнасын төлеп отырса да, еңбек демалысынан шыққанда оларға «Сіз МӘМС-те жоқсыз» дейді. Неге жоқ екенін сұраса, жарна төлемегенін айтады. Неге? Ойткені, бізде кем дегенде 3 ай бойы жарна төлемесен, онда МӘМС жүйесінен шығып қалатын норма бар, – деді Асхат Аймағамбетов.

Депутаттың айтуынша, мұғалімдер еңбек демалысына кетерде есепші оларға бірден үш айдың жарнасын бір төлеммен аудар салады. Ал оны МӘМС-тің жүйесі танымайды.

– Жүйе қаражаттың көп түскеніне қарамастан, автоматты түрде мұғалімдерді МӘМС-тен алып тастап жатыр. Сол себепті біз денсаулық сақтау жүйесіне талап қойдық. Қазір ведомство осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Жақын арада бұл мәселе толығымен шешімін табады, – деді депутат.



Сурет шық дереккөзінен



• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

36 отбасы баспаналы болды

Қарқаралы қаласында бірден 36 отбасы пәтерлі болып, қуанышқа бөленді. Олардың бәрі де баспанаға мұқтаж жандар ретінде кезекте тұрған болатын. Бірден айту керек, бұл пәтерлер мұқтаж адамдарға коммуналдық тұрғын үй қорынан жекешелендіру құқығынсыз жалға беріліп отыр.

Қарқаралы ауданына жұмыс сапарымен келген облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын мен аудан әкімі Әділжан Арғынов пәтер кілттерін салтанатты табыстау шарасына қатысып, баспаналы болған отбасыларға құтты болсын айтты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев, жаңа қоныс иелерінің атынан сөз алған еңбек ардагері Төлеуғай Нұрғалиұлы мен Зинаида Махмудқызы да ізгі тілектерін айтып, алғыстарын білдірді.

Сөйтіп, отыз алты отбасы он сегіз пәтерлі үр жаңа үш қабатты екі үйге қоныстанып, бір-ақ күнде көрші-қолаң болып шыға келді.

Әлеуметтік санаттары бойынша айтсақ, пәтер алғандардан сегіз адам – жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тағы бір сегізі – көпбалалы отбасылар және жиырма адам – әлеуметтік осал топқа жататын жандар.

Қарқаралы қаласының Т.Әубәкіров атындағы көшеде салынған екі үйді салуға жергілікті,

автокөлік жолдары асфальтталды. Әр үйдің алдында балалар алаңқайы жасалып, айнала жарық шамдары орнатылған. Қарқаралыда былтырғы жылы

да екеуі толық емес отбасы және біреуі зейнеткер кісі.

Осындай баспаналар өңірдегі мұқтаж жандарға кезекпен, аудандық тұрғын үй комиссиясы-



облыстық және республикалық бюджеттерден 650 миллион теңге бөлініп, құрылыс жұмыстарын «Қазбайлық Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген. Жаңа үйлердің маңайы абаттандырылып, жаяулар және

да он отбасы баспанамен қамтамасыз етілген болатын. Ол үйден пәтер алғандардың үшеуі көпбалалы ана, екеуі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы, екеуінің бұрынғы баспанасы апараты жағдайда деп танылған, тағы

ның қадағалауымен алдағы уақытта да беріледі.

Болатбек ӘШІМУЛЫ

Қарқаралы ауданы

Сурет автордікі

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Үш жаңа орталық ашылады

«Отан – отбасынан басталады». Сондықтан, отбасыларға қолдау көрсету – аса маңызды мәселе. Осы орайда Қарағанды, Балқаш һәм Саран шаһарларында отбасыларды қолдау орталықтары ашылатыны көңілге қуаныш ұялатады. Орталықтарда отбасы институтын нығайтуға бағытталған және «Бір терезе» қағидаты бойынша арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Атап айтсақ, Қарағанды қаласында Биыл Чкалов көшесі, №7 үйде жаңа орталық іске қосылады. Онда айына 100-ден астам отбасын қамту жоспарланып отыр.

Ал, Балқашта осы бағытта ашылатын кеңсе «Отбасыларды қолдау және көмек көрсету жөніндегі бірыңғай орталық» деп аталады. Саран қаласында – «Отбасыларды қолдау орталығы» болып ашылып, ошақ қасындағы түйткілді мәселелердің түйінін тарқатумен айналысады.

Мамандар арнаулы қызметтердің әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-өңбек, әлеуметтік-модель, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сегіз түрін ұсынып, сапалы жұмыс жүр-



гізуді қолға алмақшы.

Жоба арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж отбасылар, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылар, отбасының әлеуметтік әл-ауқатын анықтау әдістемесіне

сәйкес, төтенше дағдарыс деңгейіне жататын отбасылар сияқты бағыттар бойынша жұмыс істейтін болады.

Өткен жылы мемлекеттік тап-

2023 жылдың қорытындысы бойынша, оларда 4994 қызмет көрсетілген. Оның ішінде, 84 адам шағын бизнес ашу, гранттар алу бойынша, 80 адам жұмысқа орналау бағытында көмек алған. Сонымен қатар, 316 тұрғынға әлеуметтік көмек, жәрдемақы төлеу, әлеуметтік қызметтер, мүгедектерге көмек көрсету қызметтері, 183 адамға тұрғын үй мәселелері бойынша, тұрғын үй сертификаттарын алу, ипотека ресімдеу, тұрғын үй алуға кезекке қою бағытында көмек ұсынылған. Бұдан бөлек, 271 адам балаларға білім беру, балабақшаға кезекке білім беру бойынша, 141 тұрғын денсаулық сақтау, 203 адам заң аясындағы көмекке қол жеткізген. Сондай-ақ, 194 тұрғынға психологиялық, 2502 адамға қайырымдылық пен демеушілік және 213 адамға түрлі бағыттар бойынша оқуы курстары бағытында көмек ұсынылған. Бұдан басқа да бірқатар көмек түрлері көрсетілген.

Өз тілшімізден

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Табиғат пен адам – егіз

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы экономикалық даму қажеттілігі мен табиғатты қорғау арасындағы теңдестірілген игі ахуалды қамтамасыз ете отырып, табиғи ресурстарды пайдалануды бақылайды. Табиғат қорын мейлінше ұтымды пайдалану бағдарламалары адам мен қоршаған орта арасындағы үйлесімділікті қалыптастыруға негіз десек жарасады.

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы ережеге сәйкес орман, су ресурстарын, жануарлар дүниесін қорғау, табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу, жобаларға экологиялық сараптама жүргізу және II, III санаттағы нысандар үшін қоршаған ортаға теріс әсер етуге рұқсат беру, сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану саласындағы бақылау жұмыстарын жүргізеді.

«Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасы мен облысты дамыту жоспарында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Kazakhmys Smelting» ЖШС, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС сынды өнеркәсіптік кәсіпорындары бойынша ірі қалалардағы стационарлық көздерден шығатын атмосфераға ластаушы заттардың шығарындарын азайту көрсеткіші көзделген.

2022 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары рұқсат етілген лимит 363,5 мың тонна болған кезде іс жүзінде 285,2 мың тонна немесе 21,5% аз көлемде шығарындар өндірілді. 2025 жылға қарай шығарындарды 215,4 мың тоннаға дейін қысқарту жоспарлануда.

Зиянды шығарындарды азайту Қа-

рағанды облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша жол картасы аясында жүзеге асырылады.

Жол картасының орындалу барысы экология департаментімен бірлесіп, Барлық өнеркәсіптік кәсіпорындармен жүйелі түрде қаралады.

Басқарма өзінің негізгі қызметін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде жүзеге асырады. Іс-шаралар жоспарында жалпы сомасы 35 892,8 млн. теңгеге 77 іс-шара көзделген.

2022 жылы Солонка, Ақбастау және Мұстафин кентінің жанындағы рұқсат етілмеген жолдан Самарқанд су қоймасына дейін Нұра өзендерін санациялау жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, Қ.Сәтбаев атындағы каналдан Тұзды өзеніне табиғатты қорғау мақсатында су жіберудің ғылыми-табиғи негіздемесі әзірленді.

Ағымдағы жылы Нұра өзенінің үш учаскесінде санацияны іске асыру, сондай-ақ, Республика даңғылынан Соқыр өзеніне дейінгі Үлкен Бұқпа, Кіші Бұқпа өзендерін санациялау, Шет ауданындағы Шерубай-Нұра және Алматы-Екатерин-



бург автожолынан Федоров су қоймасына дейінгі Соқыр өзендерін санациялау жобаларын әзірлеу жалғастырылады.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қолға алудың маңызы зор. Сондай-ақ, Қ.Сәтбаев атындағы каналдан Тұзды өзеніне табиғатты қорғау мақсатында су жіберудің ғылыми-табиғи негіздемесі әзірленді.

2022 жылы облыс бойынша түзілген қалдықтардың көлемі 328,2 мың тонна ҚТҚ, қайта өңделген қалдықтардың көлемі – 179,2 мың тонна немесе 55% құрады.

Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу көлемін олардың түзілуінің жалпы көлеміне қарай 5 жыл ішінде 54 пайыздан

57 пайызға дейін ұлғайту көзделуде.

Осы индикаторға қол жеткізу үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2024-2025 жылдар кезеңінде облыстық бюджет есебінен 6 жаңа ҚТҚ полигонын салу межеленді.

Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Саран, Шахтинск және Абай қалаларында қауіпті құрамдас коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орнату көзделген.

Сондай-ақ, Қарағайлы бариттік қалдықтар қоймалары мен бұрынғы «Дарьял-У» аумағының бұзылған жерлерін қалпына келтіру жобалары әзірленуде.

Басқарма қарамағындағы мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 126 750 гектарды құрайды, оның ішінде орман – 70 285 гектар.

2022 жылы 396,7 гектар алқапқа 1 040,2 мың дана көшет отырғызылды.

Балық шаруашылығы қорында ауданы 68,4 мың гектар болатын 198 жергілікті балық шаруашылығы су қоймалары және республикалық маңызы бар 3 су қоймасы (Балқаш көлі, Нұра өзені, Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың су торабы) бар. 104 су айдыны 55,7 мың га. Бекітілді. Ал, резервтік қор ауданы 12,7 мың га 97 су айдынын құрайды.

2022 жылы өсірілген балық көлемі 456 тоннаны құрады.

Облыс бойынша 234 гидротехникалық құрылыс бар, оның ішінде республикалық меншікте – 31, облыстық меншікте – 46, жекеменшікте – 18 және аудандық меншікте – 139.

2022 жылы Саран су қоймасын күрделі жөндеу жұмыстары басталды, 2023

PISA: білімнің өзгеруі – заңдылық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, ғылымдардың ата-сы математикадан PISA бойынша алдыңғы қатарлы ел Сингапур саналады. Сондықтан, Канада, Жапония, Финляндия және Эстония елдері бүгінде білім алушыларға жоғары талап қояды.

Сапалы білімге жіті мән бергендіктен, білімге қолжетімділік деңгейі жоғары. Мектепке дейінгі білім алушылардың техникалық бағыттағы таңдауы үшін оқу мерзімін де ұзарттады екен.

Тестілеу

қалай жүреді?

PISA халықаралық мониторингі тек 9 сынып оқушылары арасында жүреді. Емтихан түрлі форматтағы тапсырмалардан тұратындықтан, тестілеумен қатар жауап берілуі тиіс сұрақтар да бар. Тапсырмалар үш бағытта жүретіндіктен, жаратылыстану ғылымдары және математика, оқу сауаттылығы ескеріледі.

– Желтоқсанда мектептегі 50 оқушы PISA тестін тапсырды. Гимназия оқушылары жақсы көрсеткіш көрсете алды. Сауалнамаға қатысқан оқушыларға мектеп ортасы туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Соның ішін-

шықпай, емтихан тапсыруға мүмкіндік береді. Сұрақтар мен тесттер мысалдары мониторинг форматымен танысқаннан кейін нәтижені бағалау қалай жүретінін түсінуге көмектеседі. Онлайн дайындық уақытты үнемдейді.

– Қазіргі таңда репетиторлық қызмет немесе курсқа бару – қымбат. PISA тестілеуі шығынсыз дайындалуға да жақсы мүмкіндік. Мұғалім тартып, репетитор жалдап, арнайы курс сатып алудың қажеті жоқ, – дейді 9 сынып оқушысы Айгерім Бекзада.

Оқушының айтуынша, 9 сыныпқа арналған онлайн сынақтан өту – білім деңгейін анықтап қоймай, қайталауда қандай тақырыпқа баса назар аудару керектігін түсінуге көп көмек.

Оқушы пікірі – оң

Мемлекет басшысы жоғары сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен ағылшын тілін оқуға күшейту қажеттігін атап өткен. Ұлттық тестілеу орталығының деректері түлектердің көпшілігі ҰБТ тапсыру кезінде математика, физика, химия және биология сияқты жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді таңдайтынын айтады. ҰБТ-ның



де, сабақ барысындағы тәртіптік ахуал туралы жинақталған мәліметтер де болды. Халықаралық мониторингке дайындық кезінде жасөспірімнің логикалық ойлау, стандартты емес мәселелерді шешу қабілеті бағаланатынына басты назар аудару қажет, – дейді М.Жұмбаев атындағы гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнара Уагаева.

Мұғалімнің айтуынша, сыныпта жақсы тәртіп, оқушылар мен мұғалімдер арасында достық қарым-қатынас орнаса, оқушылар тестілеуде жақсы нәтиже көрсетеді.

PISA тестілеуіне Testter.kz платформасы арқылы әркімнің өз бетінше дайындалуына мүмкіндік бар. Арнайы сайт үйден

дұрыс әрі тиімсіз тұсына талай тоқталды. Осы жолы оқушылардан PISA тестілеуі жайлы сұрап көрдік.

– Мәселен, соңғы жылдары тек ҰБТ-ға дайындалумен уақыт өткізіп, мектеп бағдарламасын кері ысырып қойдық. PISA емтиханын тапсыру – дұрыс қадам. Оны тапсырып алып, икеміне қарай мамандық таңдайсың. Ізденесің. Жаратылыстану бағытынан көп ұпай жинасаң, соған бейімсің деген ұстаным қалыптасады, – дейді қалалық А.Байтұрсынов атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Айгерім.

Қазіргі таңда педагогтер жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқуға үш үнемі біліктілігін арттырады. Бәсекеге қабілетті бала қалыптастыруда басты үміт – мұғалімде.

Бахтияр САНБАЕВ,

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Алтынай Есқалиева: Ақша емес, адам денсаулығы маңызды

Халық денсаулығын жақсартуда алғашқы медициналық-санитарлық ұйымдар басты орында. Себебі, медициналық көмектің қолжетімділігі сол емханаларда басталады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры кейінгі жылдары алғашқы медициналық-санитарлық ұйымдарының қызметіне ден қоюда. Ресми дерекке сүйенсек, былтыр облыс емханаларында 26 миллионнан астам консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетілді. Оның сапасы мен дер кезінде көрсетілуі сол мекеме басшылығының және қордың бақылауында. Өйткені, барлық мекемелердің қызметін әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қаржыландырады. Теміртау қаласындағы №4 емхананың директоры Алтынай Есқалиевамен емхана жұмысы, қордың қолдауы жайлы сұхбаттасқан едік.

— Былтырдан бастап медициналық мекемелер жұмысына сызықтық шкала түсінігі енгізілді. Кей емханалар көрсеткен қызметінің ақысын ала алмай, шығындауда дейді. Сіз басшылық ететін емханада бұл мәселені қалай шешіп жатырсыздар?

— Иә, сызықтық шкала қор бөлетін қаражатты бақылауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жоспар бойынша қаражат бөледі. Бірақ, жоспар мен нақты көрсетілген қызмет сәйкес келмеуі мүмкін. Бір айға бөлінген қаражат сомасынан асып кетсе, ол қайтарылмайды. Сондықтан, әр емхана көрсететін қызмет санына емес, сапасына қарап жұмыс істеуі керек. Біз де басында «қызметіміздің ақысын неге төлемейді?» дедік. Сосын өзіміз де сараптама жасағанда, шынымен кейбір қызметтердің қажетсіз жасалатынын көрдік. Біздің дәрігерлер келген адамның сұранысы бойынша жолдама бере береді. Бұл ретте маман ол жолдаманың қажетті-қажетті емесін анықтау керек. «Мен сақтандыруға ақша төлеймін, маған УДЗ керек» деп ай сайын келетіндерге ол зерттеуді қайта-қайта өту қаншалықты қажеттілігі бар? Егер еш жері ауырмаса, мазаламаса, жиі-жиі талдаулар жасатып, УДЗ, КТ сияқты қызметтерді сұрай беруге негіз жоқ.

— Сонда шектеу бар ма?

— Ауырып келген науқасқа еш шектеу жоқ. «Біздің бұл айдағы жоспар орындалды, келесі айда кел» деп айта алмаймыз, қабылдаймыз. Себебі, бірінші кезекте — ақша емес, адам тағдыры. Қордың ақшасы бітсе, емхананың өз ақшасы бар. Үнемделген, ақылы медициналық тексерулерден түсетін қаражат дегендей. Дегенмен, ондай жайттар болмауы үшін әр қызметті қарап, саралап, сапалы ұсынуға тырысу қажет. Әр бөлім меңгерушісі әр ай, әр апта сайын келесі аптасын жоспарлап отырады. Ішкі аудитіміз бар, қормен қатар, өзіміз де тексеріп, есептеп отырамыз. Басында біз де түсіней, шығындарымыз көбейіп кете беретін. Кейін жұмыс жүйеленді. Қазір қор бізге қарыз емес.

— Емханаға келушілер мұны қалай қабылдайды?

— Халықтың түсінігі қалыптасты ғой. Әлі түсіндіру, насихат жұмыстары жасалады. Денсаулық сақтау министрлігінің диспансерлік есепте тұрғандарды емдеу туралы бұйрығы бар. Онда қандай ауруды қалай емдеу, қанша уақытта тексерілу қажеттігі барлығы жазылған. Ол жағдайды қалыпты, диспансерлік есептегі адамдарға арналған. Ауырған болса, әрине, тексерілу шектелмейді. Негізі көбісінің жағдайы қалыпты ғой.

• ӨЗЕКТІ

Екпеден қауіптенуге негіз жоқ

Жыл басынан кешегі күнге дейін аймақта қызылша жұқтырды деген күдікпен 447 жағдай тіркелді. Оның тең жартысы, яғни, 226 жағдайы расталды. Былтырдан, эпидемиологиялық жағдай күрделенген сәттен бері ауырғандарды қосқанда барлығы 1031 адам қызылша жұқтырған.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде ұсынған деректерге сүйенсек, қызылша жұқтыру жағдайлары вакцинацияланбаған адамдар арасында жалғасуда. Ауырғандардың 87%-ы — екпе алмағандар.

— Жас құрылымында 14 жасқа дейінгі балалар басым. Олардың үлес салмағы — 69%. Олардың жартысынан көбі 5 жасқа дейінгі балалар. Қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациямен қамтуға оқалықтарға байланысты оны жұқтырғандар облыстың барлық өңірінде тіркелуде. Қызылшаның жұқпалылығы өте жоғары екенін барлық дәрігерлер айтып, халыққа ескертіп жатыр. Онымен ауырмаған, бұрын екпе алмаған адамдардың ауру вирусын жұқтыру ықтималдығы жоғары. Бұл аурудан қорғаудың жалғыз жолы — вакцинация. Қызылша бойынша қалыптасқан қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазіргі уақытта облыста инфекцияның және оның асқынуларының одан әрі таралуын болдырмауға мүмкіндік беретін қызылшаға қарсы



Есептемесе, бақылау болмаса жұмыс жүргізу мүмкін емес. Сондықтан осы шкаланың енгізілгені де дұрыс шығар. Бұрын қаражат жалпы түсетін, қор келгелі қызметтер бөлек төленеді. Қажеттілікке қарай қанша қаражат кететіні есептеледі.

— Ай сайынғы жоспардан артық қызмет көрсетсеңіздер не істейсіздер?

— Мысалы, КТ есептелген жоспардан 10 адамға артық жасалды дейік. Оған бөлінген қордың ақшасы бітсе, тегін медициналық кепілдік берілген қызмет аясындағы қаражаттан, ақылы қызметтерден түсетін қаражаттан жасала береді. Қордың негізгі принципі — ақша пациенттің артынан жүреді. Қаражат пациентке қызмет ұсынған емханаға бөлінеді. КТ бізде бар, ол үшін қаражат біздің емханаға бөлінеді. Теміртаудың, Нұра, Бұқар жырау аудандарының тұрғындары да келеді жолдамамен. Қордағы келісім аясында барлық медициналық мекемелер өзара дәрігерлік, зертханалық қызметтерге жібере алады. Аллерголог жоқ болса, мен басқа емханаға жіберемін. Бірақ, ақша басқа жаққа кетпеуі үшін мамандардың өзімен шыққанына мүдделімін. Барлық емхана солай болуы керек.

— Профилактикалық тексерулер кейінгі жылдары кеңінен қолданыста. Оған бөлінетін қаражат көлемі де артқан шығар...

— Иә, профилактикалық тексерулер

көп жасалатын болды. Ауруды емдегеннен оның алдын алған әрине, дұрыс. Ауыл тұрғындары үшін қосымша бірнеше бағыт бар. Үлкенге де, балаға да жасалады. Бұл бағытқа қор бөлек қаражат төлейді. Одан бөлек, антенатальды бақылауға қаражат бөлек төленеді. Яғни, бұл — жүкті және босанған әйелдерге медициналық көмек көрсетумен байланысты бағыт. Бұл да былтырдан бастап енгізілді. Сосын стоматологиялық қызмет бар бізде. Мүге-



дектер, жүкті әйелдер, көпбалалы аналар тегін қаралады. Ал, қатты тіс ауырып, шұғыл жағдай болса, жасына қарамай емделе алады. Реабилитация үшін бөлек төленеді. Оған операция, сынықтан кейін ем алу үшін келеді науқастар.

— Сіз басшылық етіп отырған емханаға өткен жылы қордан қанша қаражат бөлінді?

— 1 млрд. теңгеден астам.

— Игерілді ме?

— Игерілді. Былтырғы жылдың соңынан бастап биылға да жоспар жасалды. Ол әр мекеменің қолында. Жоспар ақшалай саналмайды. Ол адам санына, оның қажеттіліктеріне байланысты жасалады. Біздің қаражат былтыр 54 пайызға артты. Тіркелген халық саны — 47 600 адам. Үш филиал бар.

— Маманнан тапшылық көріп отырған жоқсыз ба?

— Тапшылық жоқ. Кардиолог, травматолог, окулист мамандарын оқытып алдық. Қазір бір гинеколог резидентурада оқып жатыр. Қалғандары бар. Бала күтімі бойынша кеткендер болмаса, орын толық. Қазір оқу бітіретіндер жалпы отбасылық дәрігер болып шығады. Бұрын курс өтіп бейінді маман болып шығатын, қазір бейінді маман болуы үшін резидентурада оқу керек. Жас маман, университет пен емхана арасында келісім жасалады. Оқу ақысын төлейміз, ол бізде 5 жыл жұмыс

істейді деген келісімшарт жасалады. Алдыңғы жылы 21 жас маман келді, оның алдында 7 маман келген.

— Жас мамандарға жағдай жасалған болар?

— Қазір емханада жұмыс істейтіндердің көбісі жастар. Зейнетке жақындаған бір акушер-гинекологымыз ғана бар. Жаңағы гинеколог маманды алдын ала оқытып жатырмыз. Маман, әсіресе, жастар келуі үшін жағдай жасау керек. Жастар үшін ол — баспана. Теміртауда дәрігерлер үйі бар, сол жерден қызметтік пәтер береміз немесе жалдау ақысын төлейміз. Бастапқыда 500 мың теңге көлемінде әлеуметтік қолдау да жасалады. Жағдай жасаймыз, бірақ, сұраныс та бар. Оқыту керек болса, жібереміз. Бұрынғыдай 5 жылда бір оқыса жетеді дейтін уақыт емес, үнемі оқып, біліктілігін арттырып, кәсібилігін жетілдіріп отыруы тиіс. Оқыту үшін мамандарды өзімізге шақыртып немесе Астана таяу ғой, республикалық орталықтарға жібереміз. Олар да өз шараларының бір жылдық жоспарын жібереді. Жалпы жағдай бар, ай сайын оқытсақ та. Оқыту өз қаражатымыздан. Бұл біріншіден, өз емханамыздың жүйелі жұмысы үшін, екіншіден, ондай маманы жоқ басқа мекемелер бізге жібереді, келген науқас үшін қаражат бізге түседі. Маман өзімен шықса, ол білікті болса, науқасқа сапалы көмек көрсете алса, қордан қаражат көбірек түседі. Әр мекеме жұмысын осылай жоспарлауы тиіс.

— Қор қаражаты тек қана беру, диагностикамен шектелмейді, ол медициналық қызметкерлердің еңбекақысы, сатып алынатын құрал-жабдықтарға бөлінеді. Кейінгі жылдары емхананың инфрақұрылымында не өзгерді?

— Құрал-жабдықты жаңарту тұрақты жүзде жүргізіліп тұрады. Былтыр 2 рентген, УДЗ аппараты, ЭКГ, вакцинаға тоназдықтқыш, физикоралдар жаңартылды. Жеңіл көлік алдық.

Ақтау кентінде халық саны аз болса да ондағы денсаулық орталығына рентген, УДЗ алынған. Енді ол жақтағы физиокабинет жабдықтарын жаңалау жоспары бар. Сонымен қатар, үйде жатқан кісілерге портативті рентген алу жоспары тұр. Алдағы жылдары Теміртау қаласының орталық емханасы ауданаралық аурухана болса, онда жаңа жабдықтар келеді. Сондықтан, МРТ аламыз деген жоспарымызды алып тастадық.

— Сол МРТ демекші, КТ мен МРТ-ға түсетін байланысты шағым көп. Сіздің науқастарыңыз қанша күтеді?

— КТ-ның жұмысы талап бойынша бір күнге 6 сағаттан аспауы тиіс. Осы уақыт ішінде кімге жолдама берілді, солар өтеді. Коронавирус кезінде күніне 20-30, тіпті, 50 адам өтті ғой. Қазір ондай емес, әртүрлі, 15 адам өте алады. КТ болсын, МРТ болсын басқа кез келген емдеу орындарына жібере аламыз. Сондықтан, одан өтуде қандай да бір қиындық бар деп айта алмаймын.

— Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК
«Ortalyq Qazaqstan»

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тәжірибе алмасу үзілмейді

Өңір хирургтары облыстық клиникалық ауруханада тағылымдамадан өту мүмкіндігін алды. Облыс қалалары мен аудандарының хирургтарына арналған біліктілік арттырудың арнайы бағдарламасын денсаулық сақтау басқармасы мен облыстық клиникалық аурухананың жетекші мамандары әзірледі. Оның мақсаты — емханалық буын дәрігерлері мен стационар дәрігерлері арасындағы өзара түсіністікті арттыру.

Биылғы жылдың басынан бері облыстық ғылыми-әдістемелік орталық, яғни, облыстық клиникалық аурухана базасында Балқаш, Абай және Қарағанды ауруханалары мен емханаларының хирургтары тағылымдамадан өтті. Екі апта бойы дәрігерлер стационардың қалай жұмыс істейтінін, диагностика мен емдеу жүргізілетінін бақылап, әріптестерімен қарым-қатынас жасап, ота жасау барысында хирургиялық орталығының жетекші мамандарына көмек көрсетті.

— Біздің клиниканың жетекші мамандары тағылымдамадан өтушілермен семинар сабақтарын өткізеді. Қалған уақытта дәрігерлер хирургиялық бөлімшелердің резиденттері ретінде жұмыс істейді. Отаға қатысады, зерттеу негіздерін, әсіресе, хирургиялық, урологиялық тактиканы игереді, — дейді облыстық клиникалық аурухананың хирургиялық орталығының жетекшісі Борис Цхай.

Бағдарламаға қатысқан Қарағанды қаласының №1 емханасының хирургі Қайрат Түгелбаев тағылымдаманың жас мамандарға ғана емес, тәжірибелі дәрігерлерге де берері бар екенін айтса, №2 емхананың хирургі Арман Каримов стационардағы жұмысты атап өтті.

— Біздің тарапымыздан стационарлармен жұмысты қалыптастыру өте маңызды. Себебі, бастапқыда науқастар бізге келеді, содан кейін оларды стационарға жібереміз. Ал, нәтижесін тек ауруханадан шығарғаннан кейін ғана көреміз. Мұнда біз емдеудің келесі кезеңдеріне тікелей қатыса аламыз, — дейді ол.

Әр екі апталық циклде 6-7 хирург дәрігер тағылымдамадан өтетін болады. Бағдарлама биылғы сәуірге дейін жоспарланған. Осы уақыт ішінде облыстың барлық қалалық және аудандық дәрігерлері біліктілігін арттыруы тиіс.

Өз тілшімізден

• ЗАҢ

Кәсіби жауапкершілік жайында

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Оның нормаларында еліміздің медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тетігі қамтылған.

Президенттің тапсырмасы бойынша министрлік медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыруға, пациенттердің құқықтарын қорғауға және медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру бойынша заң жобасын әзірледі.

Бұл реформа елдегі 78 мыңға жуық дәрігер мен 181 мың орта медицина қызметкердің жұмысын мен кәсібилігіне тікелей қатысты.

Осы модельге сәйкес шағымды қарауды медициналық ұйымда бейінді сарапшыларды, кәсіби медициналық қауымдастықтарды, сақтандыру компаниясын, пациенттің өкілдерін, кәсіби медиаторларды және медицина элементтерін қолданып, өзге де сарапшыларды тарта отырып құрылған тәуелсіз комиссия жүзеге асыратын болады. Бұл кезеңде дауды медициналық ұйымның өзінде шешу ұсынылады.

Өз тілшімізден

1 Қызылша – балалар арасындағы ең жұқпалы аурулардың бірі

Науқастың жанында болған иммундық қорғанысы жоқ адамдардың 90%-ы ауру жұқтырады

Вакцинация
баланы қызылша инфекциясынан қорғаудың жалғыз тиімді әрі сенімді әдісі

95%
жағдайда иммунитет екі рет екпе алғаннан кейін пайда болады

Асырқызы.

«Serum Institute of India» компаниясы шығарған қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы аралас вакцина Қазақстанда 1 және 6 жас аралығындағы балаларды вакцинациялаудың Ұлттық күнтізбесі шеңберінде жоспарлы вакцинациялау үшін 10 жылдан астам уақыт

бойы қолданылып келеді.

Вакцина өндірісін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сертифициратқан. Құжат өндірілетін вакциналардың сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік береді. Вакцина Қазақстаннан бөлек әлемнің 170 еліне жеткізіледі.

Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық комитеті келтірген дерек бойынша елімізде аталған вакцинаға қатысты реакциялар тіркелмеген. Өндірілуінің нұсқаулығында сипатталғандай, әдетте вакциналардың көпшілігін енгізу кезінде пайда болатын дене температурасының қысқа мерзімді көтерілуі, қызару, вакцина енгізілген жерде ісіну ретінде күтілетін реакциялар байқалады.

Барлық вакциналар міндетті түрде препарат тіркелгенге дейін де, оны қолдану басталғаннан кейін де қауіпсіздікке арнайы зерттеулерден өтеді. Вакциналардың құрамына кіретін барлық заттар туралы мәліметтер олардың нұсқаулығында қамтылған. Вакциналардың құрамы туралы ақпарат кез келген адамға қолжетімді.

Елімізге сырттан жеткізілетін вакцинаның әрбір сериясы мен партиясы қауіпсіздік пен сапа бағалауынан өтеді. Бұл тиімді және қауіпсіз вакциналарды пайдалануға рұқсат беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Вакцинацияның басты мақсаты — халықты вакциналары бар жұқпалы аурулардан қорғау. Бұл денсаулық жағдайына байланысты екпе алмайтын, сондай-ақ, жасы бойынша вакцинацияға жатпайтын халық тобын қорғауда да маңызды.



• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Басы газеттің (№№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106, 112, 115, 118, 123, 126, 135, 143, 5, 8 сандарында)

Неге?

Андрей Вознесенский «Я пишу стихи ногами!» – дейді! Қалай түсінсеңіз – олай түсінісіз!

Қазақ шәйіріншінің көпшілігі өлеңін жүрегімен-ақ жазады. («Жүрегімде сенсің, алтын Отаным!»), «Жүрегіммен сүйемін мен өзіңді!» деген сияқты). Бірақ олардың «жүрегінен» шыққан өлең біздің жүрегімізге жетпей жатады. Неге?!

Юмор Сталина

Как-то иностранные корреспонденты спросили Сталина:

– Почему на гербе Армении изображена гора Арарат, ведь она не находится на территории Армении?

Сталин ответил:
– На гербе Турции изображен полуемсая, а ведь он тоже не находится на территории Турции.

Әпкесінің жұртта қалған бауыры...

Жетісуда о баста жеті-ақ қыз болған. Соның біреуін мен алып қашып кеткенде соңында бір бауыры жылап қалып еді. Сол – осы жігіт. Ержетті. Пенде болған жоқ. Азамат болды! Атақ-даңқы Алты Алашқа мәшһүр: Жан-Ар-Бек Әшім-Хан!

«Айтпақшы, осы бала туды дегенде мен сенбей қалып едім...» – дейді әпкесі. «Неге?!». «Бірінші апрель еді...». «Сендердің Мұқағалиға да «сенгендерің» шамалы ғой?!» – десем, күні бойы қабағы ашылмайды...

Бір баласының аты – Қасым. Қарқаралыға қашып кеткен әпкесін сағынғанда туған баласы.

Бауырының жақсы хабарын естіген сайын мұндағы әпкесі де мээ: «Соңымда жылап қалып еді...» дей береді. «Мен саған жылатып тастап кет деп пе ем?!» – деймін мен де ынғайсызданып...

Бауыры түгілі, кіндік кесіп, кір жуған жұрттың жылатып тастап кеткен қу қыз жұртта қалған баланы қайтеді?! Енді, міне, атқа қонып, азамат болғанда өзінше боп

(маған қыр көрсетіп!) иемденіп отыр?!.

Мағауин болмаса...

Адамзат тарихында атаусыз қалған ақындар аз ба? Алысқа бармай-ақ осы өзіміздің Алаштың тарихына көз салыңыз. Жетпісінші жылдары Мұхтар Мағауин болмаса, он бесінші ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясы осы күнгі әдеби айналымға түсер ме еді? Қазақ осы орнында отырар еді. Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберлі, Қазтуғандар жоқ болар еді! Оларды осы жиырма бірінші ғасырда қазақтың тағы бір баласы шаң басқан архивтерден іздеп жатар еді.

Таба ма, таппай ма, оны бір Құдай біледі...

Жұмыр басты пенденің ғұмыры

«Жұмыр басты пенденің ғұмыр жасы Болдыр жазған өлеңнің бір жолына да татымайды» (Акутагава Рюноске).

Құран мен поэзия

«Адамдар Алланың қаһарынан бес уақыт намазымен, құлшылығымен өтеп құтыламыз деп сенеді. Лайым солай-ақ болсын! Алла қабыл етпей! Ал ақындардың әр шумақ өлеңі зікірі емей неменесі?! Жан-жүрегінен жарып шыққан жыры ақынның намазына пара-пар! Ақын ағынан жарылғанда ерекше тағдыр-дарын сыйлаған Аллаға жан-тәнімен мінәжат етпей ме?!» (Әнуар Омар)

Ғажап айтқан екен мына Дуалы ауыз!

Шыңғысханның тезі

Ресей империясында орыс еместердің барлығын әуелден «татарлар» дейтін әдет бар. Әсіресе, олар түрік тұқымынан шыққандарды осылай атаған. Расул Гамзатов Совет Одағының маршалы Климент Ворошиловтың өзімен кездескенде үнемі: «Иә, татар, қал-жағдайың қалай?» деп амандасатынын есіне алады. «Сосын, бір күні, – дейді, сөзін ары қарай сабақтаған Гамзатов, шыдай алмай кетіп, «Климент Ефремович, мен татар еместің, – дағыстандық авармын!» – дедім. Маршал болса: «Жә, қызбаланба, Расул, – сіздерді, орыс еместердің барлығын бізде бағыдан татарлар деп атайды!», – дегті!» (ФБ).

Орыстар арада қаншама ғасыр өтсе де, Шыңғысханды ұмытпаған!

Әдеби сынның басты миссиясы

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, Жаманның жамандығын айт – құты қашсын!» болуы керек-ті.

Бәрі де ұлттық болуы керек.

Бәрі де ұлттық болуы керек; ұлттық мемлекет, ұлттық буржуазия, ұлттық бренд, ұлттық әдебиет, ұлттық мақтаныш т.б. Тіпті, мафия да ұлттық болуы керек... Ұлтсыз мафия ұлтты жалмап, жейді...



Омар Наям айтыпты...

«Біз туралы жаман сөз айтатындар – бізден өте төмен тұрған, бізден де нашар құлді-көмеш күйкі пенделер; ал, бізден гөрі биікте тұрғандардың бізге қарап, бірдене айтуға уақыты жоқ қой!» (Омар Наям).

Кім айтса да...

«Қолындағы кісінің өзі үзіп, қара басын азат ете алмаған құлды біреу келіп бостандыққа шығарса, әлгі Құдай ұрған құл неме сарсылып, баяғы күнін көксейді немесе өзіне қайта бір қожайын іздеумен көзжекке қарап, екі көзі төрт болады!» дегенді ФБ-ның бір жерінен жаңа ғана көріп қалып едім: енді таба алмай отырмын!

Осыны кім айтса да, тауып айтқан!

«Соседка»

– Марья Александровна, 80 лет, моя соседка:
– Ботагоз, так переживаю за Россию!
– А Вы, за Казахстан переживайте лучше!

– Так там мои родственники!
– А тут Ваши дети и внуки. Так почему тогда не уедете?
– Так у них здесь бизнес, недвижимость! (ФБ).

Әлхамдулиллах, әлі мықтымыз

«XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов: «Әлхамдулиллах, халқымыздың саны 6 млн-ға жетті» – депті ғой... Сол кезде Совет Одағы бізге геноцид жасамағанда, қазір халқымыздың саны 40-50 млн. болатын еді. 20 ғасырдың басында

ғын-сүргіндерде сырмыз кетсе, – кеткен шығар, – сынымыз кеткен жоқ қой?! Әлхамдулиллах, біз әлі мықтымыз!

Совет өкіметінің аяр саясаты

«Маған «Алашорданы» білесіз бе, – деп сұрақ қойма. Мен – «Алаш» партиясы мен «Алашорда» кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің төрағасымын. Сондықтан да оның іс-әрекетіне толық жауап беремін. Ал, «Алашорда» Кеңес өкіметін мойындап, оның бұрынғы іс-әрекеті үшін ешкім де, ешқашан да жауапқа тартылмайтыны туралы Ленин қол қойған келісімнен кейін, ол үкімет тарихтан кетті. Егер де Лениннің қолы оның өзі өлген соң жүрмей қалса, онда үшінші адам болып Сталин қол қойған. Ол келісім күшін жойған жоқ. Жойса, келісім бойынша, маған хабарлар еді. Мен Сталиннен ондай хат алған жоқ. Әлде сендер оны мойындамайсындар ма? Онда маған жазбаша жазып беріңдер?!» (Әлихан Бөкейхановтың НКВД-ға берген жауабынан).

Поэзия мен әйел

Ақынға өлең жаздыратын жағдайды орыстың 19 ғасырдағы арулары (Тургенев романдарындағы әйелдер, Пушкиннің замандастары) поэзияның құдіретін терең сезуші еді. Қазақ қыздары да сол деңгейге қашан жетеді?

Парадокс

«Гей деген пәлекетке құрсақ – жоқ! Бірақ, неге күннен-күнге күшіктеп барады?!» – деп, таң қалды бүгін бір кісі ФБ-да.

Бүгін есімде қалған бір сөз

«Қақ говорится, от зависти люди стареют, от обиды болеют, а от любви молодеют! Любите друг-друга!» (ФБ).

Қалай айтқан?

«О, Кер-заман! Шер-заман! Моцартамын – қайыршы! Сальерниң – сал-сері! Арлы атаны тәрк етіп, тексіз ойнастан тундай, неткен сормандай жұрт едік?!» ФБ

Не деген керемет сөз!

«Я могу работать против кого угодно, но против Казахстана никогда!» – депті бір қазақ.

Әрбір қазақ осылай ойласа, бағыда-ақ ру-ру, топ, тобырдан ұлтқа айналып кетер еді!

(Жалғасы бар)

• ДІН – ДІҢГЕК

«Ислам және дәстүр құндылығы»

Ислам діні – ұлтымыздың басты рухани негізі, ата-бабаларымыздың ұстанған, қастер тұтқан жолы. Әлмисақтан мұсылман болған халқымыз әркез діні мен дәстүрін қадірлеп, ғасырдан ғасырға осы екі қасиетті ұғымды ұштастыра білу арқылы Құдайға деген құлшылығын жасап, дарқан мінезін таймай, ұрпағын ізгілікке тәрбиелеп келген.



Тағанұлының бастамасымен көптен күткен «Ислам энциклопедиясының» бірінші, екінші, үшінші томы оқырманға жол тартады. Бұл – діни саладағы үлкен жаңалықтың, тарихи оқиғаның, іргелі еңбектің бірі.

Сонымен қатар, ҚМДБ-ның төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Хазреттің бастамасымен «Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп» кітабы, «Дін мен дәстүр» үшінші кітабы да жарық көреді. Аталған еңбектер дін мен дәстүрімізді дәріптеу, мұсылмандық мектебімізді насихаттау жолындағы іргелі істің бірі десек болады.

Өздеріңізге мәлім, өткен жылы ҚМДБ-ның бастамасымен Алматыда ұлттық салт-дәстүр мен қазақы құндылықтарды насихаттайтын «Дәстүр Fest» жобасы жүзеге асты. Бұл өз кезегінде қоғамның назарын аударумен қатар үлкен қолдауға да ие болды. Сонымен қатар, жарпазан жырын айту эстафетасы да халқымыздың көңілінен шықты.

Бағдарлы «Ислам және дәстүр құндылығы» бағыты аясында биыл дәстүрімізде қалыптасқан аталар, әжелер мектебін жандандырып, отбасындағы, қоғамдағы әке рөлін барынша насихаттау жұмыстары одан әрі жалғасын таппақ.

Ендеше, ҚМДБ-ның төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Хазреттің жаңа бағдары – «Ислам және дәстүр құндылығы» жылы тын бастамаларға жол бастайды деген сенімдеміз.

Естай ӘБДИҒАЛИ,
ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша өкілі имамы, облыстық Әнет баба мешітінің бас имамы

Шаһар сәулетінің сыры

Биыл Кеншілер қаласына 90 жыл толды. Ендігі мәдени ұйымдар қазыналы қала тарихын жұрт жадында жаңғырту мақсатында түрлі көрме, кездесулерді бастап кеткен. Ақпан айынан облыстық бейнелеу өнері музейі де «Қарағанды – Сарыарқаның монументалды орталығы» атты мұражай сабағын өткізеді.



Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,

«Ortalyq Qazaqstan»

Мұражайда қаланың сәулет өнерінен сыр шертетін суреттерден көрме ұйымдастырылады.

– Қала мектептері мен колледждерінің оқушыларына арнап, көрме жиі өткіземіз. Мұн-

дағы көрмені тамашалап қана қоймай, олар тақырыптық сабақтарды осында өткізе алады. Қала тарихы баршаға ортақ. Сол себепті, оқушылармен бірлесе жұмыс істейміз, – дейді мұражайдың ғылыми қызметкері Айгүл Омарова. – Мұражайдағы сабағымыз Қарағандының монументалды өнері тақырыбына арналмақ. Қаланың сәулет

құрылысы ерекше. Біз оқушыларға қаламыздың монументалды өнерінің алуан түрлілігін көрсеткіміз келеді.

Мәселен, мұражай сабағына Манат Аманбаевтың «Нұркен Әбдіровтың ескерткіші» атты литографиясы қойылады. Суретші Павел Реченский қаланың қалай салынғаны жөнінде әңгіме өрбітеді. Сол кезде дүрілдеп тұрған «Юбилейный» дүкені, көпқабатты үйлердегі мозаикалық фотосуреттер тарихы да айтылады.

Бұл мұражай сабағы орта және жоғары сынып оқушыларына арналған. Мұражай сабағына 475-475 нөмірі бойынша жазылуға болады. Облыстық бейнелеу өнері музейі Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы, 76 мекенжайында орналасқан.

Суреттер бейнелеу өнері музейінен алынды

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Бизнеске арналған жаңа мүмкіндіктер

2023 жыл шағын және орта кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігінің өсуімен ерекшеленді. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінің саны 6,6%-ға өсіп, 99 190 бірлікке жетті. Көрсеткіштің өсуі облыстың барлық өңірлерінде байқалады.

ШОБ-та жұмыспен қамту 5,1%-ға, атап айтсақ, 237,1 мың адамға дейін ұлғайып, облыстағы барлық жұмыспен қамтудың 43%-дан астамын қамтамасыз етті. ШОБ субъектілері 1,9 трлн. теңгеге өнім шығарып, қызметтер көрсетті. Жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 19,7%-ды құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,4 пайыздық тармаққа артық. Бұл сандардың артында қолайлы бизнес ахуал құру мен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру бойынша атқарылған үлкен жұмыс тұр.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген түзетулер шеңберінде 2023 жылғы маусымда 190 қызмет түрі бойынша бөлшек салық мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға дейін төмендету бойынша өңірлермен жедел де кешенді жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде бөлшек салық бойынша салық төлеушілердің саны 6 есеге, ал, бюджетке салық түсімдері 18 есеге өсті. 2024 жылғы қаңтардан бастап, бөлшек салық бойынша қызмет түрлерінің тізбесі 190-нан 364-ке дейін кеңейтілді. Бұл жаңалықтар кәсіпкерлік белсенділікке оң әсер етіп, бизнеске салынатын салық пен әкімшілік жүктемені азайтады.

2023 жылы Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және өңірлік бағдарламалар шеңберінде бизнесті қаржылық қолдауға 23 млрд. теңге бөлінді, бұл 58 млрд. теңгеден астам несие сомасына 5,5 мың ШОБ жобасын қаржыландыруға соны мүмкіндік берді. Ең тиімді және сұранысқа ие құрал болып субсидиялау тегі болып табылады. Оны кәсіпкерлердің 65%-ы (3,6 мың жоба) пайдаланды. Салалық бөліністе қарайтын болсақ, жобалардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібіне тиесілі – 25% құраса, сауда – 20% және көлік – 15%-ды құрайды.

Кәсіпкерлердің несиелік ресурстарға қолжетімділігін кеңейту және қамтамасыз ету мақсатында кепілдік беру құра-

лы іске асырылуда. Ол бойынша 400-ге жуық жоба қаржыландырылды. Жаңа бизнес-идеяларды гранттық қаржыландыру да жүйелі негізде жалғасын тапты. 2023 жылы жас кәсіпкерлерге Қарағанды облысы әкімінің 50 гранты (әрқайсысы 2 млн. теңгеден), қалалар мен аудандар әкімдерінің 129 гранты (орта есеппен 1,2 млн. теңгеден), Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 212 грант және 30 грант (5 млн. теңгеге дейін) берілді. «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша ауылдық елдімекендерде тұратын жастарға және бизнес жобаларға 2,5% жеңілдікпен шағын несие беру басталды. Барлығы 1 мыңнан астам жоба шағын несиелендірумен қамтылды.

2023 жылдан бастап экономиканың басым секторларында монокалалар мен облыс орталығының кәсіпкерлері үшін «Кәсіпкер» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы басталды. Бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі 1,5 млрд. теңгені құрады. Бұл қаражатқа 41 жоба қаржыландырылды. Жобалардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібі саласына тиесілі, жеңілдікпен несиелеу есебінен лак-бояу өнімдерін, темірбетон конструкцияларын, кондиционерлерді, жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнімдерін өндіру өндірісі кеңейтілді. Бағдарламаны іске асыру есебінен сервистік экономика дамуы: фитнес-клубтар, фотосалон және мейрамхана ашылды. Нәтижесінде 52 жаңа жұмыс орны құрылды, өңір экономикасына 1,3 млрд. теңге бюджеттік инвестиция салынды.

Қаржылық емес қолдау да бизнес үшін сұранысқа ие. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы 2,7 мыңнан астам кәсіпкер мен кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа 9,5 мың ақпараттық-консультациялық офлайн қызмет көрсетті. 1 мыңнан астам кәсіпкер сервистік қолдау қызметтерін пайдаланды, 509 әйел Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығында



консультациялық және оқыту қызметтерін алды және 44 кәсіпкер «Кәсіпке бағыт» жобасы аясында оқытылды.

Бизнесті мемлекеттің бақылау-қадағалау функцияларымен таныстыру, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық сауаттылығын арттыру және қауіпсіз қызметті ұйымдастыру мақсатында 2023 жылғы 28 қыркүйекте бақылау-қадағалау органдарының бизнес алдындағы жыл сайынғы бірінші сессия беру күні өткізілді. Іс-шараға барлығы 150 адам қатысты.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау жалғасуда. Өткен жылы біздің үш компанияға әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері мәртебесі берілді («Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ, «Балқаш ОӘК» ЖШС, «Wonder Kid» тұзету және даму орталығы» ЖШС, «Талер Е.А.» ЖК). Бизнес ахуалды жақсарту, кәсіпкерлер үшін жаңа өсу нүктелерін ашу мақсатында 2023 жылғы желтоқсанда «Qaragandy Business 2023» форумы өткізілді.

Сауда саласы облыстың экономикалық өсуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жыл қорытындысы бойынша ішкі сауда көлемі 2022 жылға қарай 7,8% өсімімен 3,8 трлн. теңгеге жетті. Оның ішінде бөлшек тауар айналымының көлемі 4%-ға (1,5 трлн. теңге) және көтерме 10,2% (2,3 трлн. теңге) өсті. Сауда және қызмет көрсету жаңа нысандарының құрылысы жалғасты. Мәселен, 2023 жылы 107 жоба іске асырылып, 24 млрд. теңге инвестиция тартылды, 582 жұмыс

орны құрылды. Сондай-ақ, сауда саласын қолдау Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның қаржы құралдары шеңберінде жүзеге асырылады. Барлығы 2,3 млрд. теңге несие сомасына 135 жоба субсидияланып, кепілдендірілді.

Кәсіпкерлікті дамыту туристік сала үлкен серпін берді. 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша орналастыру орындары санының 2,2%-ға (235 бірлік) және туризм саласында көрсетілген қызметтер көлемінің 26%-ға (5,0 млрд. теңге) ұлғаюы байқалады. Облысқа барлығы 284 мың турист келді. Бұл ұқсас кезеңмен салыстырғанда 28,1%-ға жоғары. Осы орайда ішкі туризмнің өсу үрдісі сақталуда, өсім 27,8% (271,1 мың адам). Шетелдік қонақтар тарапынан да қызығушылық артуда, өсім 36,3% (12,8 мың адам). 2023 жылы туризм саласында 1,7 млрд. теңге инвестиция сомасына 8 жоба іске асырылды. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 3 санитарлық-гигиеналық торапты ұстау субсидияланды (Бұқар жырау ауданы – 2, Саран қаласы – 1). Сондай-ақ, туризм саласында 1,4 млрд.теңге сомасына 46 жоба субсидияланды және кепілдендірілді. Туризмді насихаттау мақсатында 2023 жылы Балқаш пен Қарқаралыда ақпараттық турлар өткізілді, Шет ауданындағы «Талды» халықаралық фестивалінде колонершілер көрмесі ұйымдастырылды, Қарағанды облысының жаңа <https://visitkaragandyregion.kz/> туристік порталы әзірленді.

2023 жыл бірқатар шет елдердің ресми өкілдері тарапынан қызығушылықтың жоғары болуымен ерекшеленді. Облысқа Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Еуропалық Одақ, Татарстан, Башқұртстан, Ирак, Беларусь, Ресей және Кәзібекстан елшіліктерінің өкілдері келді. Осы кездесулер аясында экономиканың барлық салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Ал, 2024 жылы шағын және орта кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, сауда мен туризмді дамыту жұмыстары жалғасады.

Дастан ҚУДАБАЕВ,
облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы

• АЙБЫН

Сарбаздар ант қабылдады

Қарағанды қаласындағы Ұлттық Ұланның 6505 әскери бөлімінде әскери ант қабылдау рәсімі салтанатты түрде өтті. Жүрекер толық, азаматтық рух атойлаған сәтке жиылған көпшілік куә болды.

Сарбаздарға сәттілік тілеп, жылы лебізін білдіру үшін Ұлттық Ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының басшылығы, бөлімнің ардагерлер құрамы мен сарбаздардың ата-аналары арнайы келді.

Маңызды шараны құрама командирі полковник Бауыржан Мұратбекұлы құттықтау сөзімен ашты.

– Сарбаздар, бүгін – сапта тұрған әрқайсың үшін жауапты күн. Әскери антты ер жігіт өмірінде тек бір-ақ рет қабылдайды. Ессесіне, өмір бойы антына адал болуы тиіс. Сондықтан, ел қорғаушылары, осы күннен бастап, бөліміміздің қатарында адал да абыройлы қызмет етесіңдер деп сенемін, – деді Бауыржан Мұратбекұлы.

Кезек ант беру салтанатына да келді. Жамбыл, Алматы, Ақмола, Түркістан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан шақырылған 400-ден астам жас сарбаз көпшілік алдында еліне аяқтық демі қалғанша абыроймен қызмет етуге серт етті.

– Әр ер азаматтың борышы – елі мен жерін қорғау. Бүгін біздің шақырылым әскери анттарын қабылдап, Отан қорғаушы атанды. Иекте жан тұрғанда антымызға адал боламыз, – деді жас сарбаздар қатарынан Жамбыл облысынан шақырылған қатардағы Мырзабек Әскенов.

Антқа берік осындай жау жүрек сарбаздар барда елдің еңсесі – тік, қадамы – нық. Әрбір ұлымыз осы сарбаздардай мәрт мінезді болып өсуі үшін отбасы, ошақ қанынан патриот қылып тәрбиелеуіміз ләзім.

Өз тілшімізден

Басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатының өсуі

Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы артарапандыру, цифрландыру, шағын және орта бизнесті, адами капиталды дамыту – алға қойылған мақсатқа жету үшін қабылданатын шаралар.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары

Облысты дамытудың экономикалық әлеуеті өндірістік-өнеркәсіптік және ресурстық құрамдас бөліктер болып қала береді.

Жалпы өңірлік өнім көлемі бойынша (2023 ж. 9 айы – 5 119,6 млрд. теңге немесе республикалық көлемде 6,8%) облыс республика бойынша 4-ші орын алады.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2022 жылғы кезеңмен салыстырғанда 7,6% өсімімен 4,5 млн. теңгені құрады (2023 ж. 9 айы).

2023 жылы экономиканы дамытудың негізгі факторлары өңдеу өнеркәсібі салаларындағы белсенділік болды.

Салалар бөлінісінде машина жасауда – 42,6%-ға, жеңіл өнеркәсіпте – 23,6%-ға, қағаз және қағаз өнімдерін өндіруде – 11,8%-ға, фармацевтикада – 9,3%-ға, құрылыс индустриясында – 7,8%-ға, қара металлургияда – 2,1%-ға өсу қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібінде төмендеу байқалады.

Құрылыста өсім 38,6%-ға жетті. Шамамен 423 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 488,1 млрд. теңгені құрады. Мал шаруашылығының тұрақты дамуы қамтамасыз етілді (1,8%-ға).

Облыстың негізгі капиталына 2022 жылғы деңгейге қарағанда 12,2% өсімімен 854 млрд. теңгеден астам инвестиция салынды. Мұндай өсудің ынталандырушы факторы инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру болды. Өнеркәсіп, көлік және қоймалау, сондай-ақ, жылжымайтын мүлікпен операциялар (тұрғын үй құрылысы), ауыл шаруашылығы инвестициялар үшін тартымды болып қала береді.

Инвестициялардың айтарлықтай өсуі көліктің және қоймада – 3,2 есе, ақпарат

пен байланыста – 2,6 есе, білім беруде – 2,4 есе, саудада – 1,6 есе байқалады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша көлік қызметтерінің көлемі 10,6%-ға, сауда – 7,8%-ға өсті. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 6,6%-ға артып, 99,2 мың бірлікке жетті.

Жергілікті бюджетке кірістер жоспарланғаннан 5,1%-ға көп түсті (293,6 млрд. теңге). Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 206 мың теңгені құрады және нақты мәнде 6,7%-ға өсті. Орташа айлық жалақы 329 мың теңгені құрады. Еңбек нарығында тұрақты жағдай сақталды. Жұмыссыздық деңгейі 4,1%-ды құрады.

Инфляция бір жыл ішінде 11,1%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 8,4%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 10,4%-ға, ақылы қызметтер – 15,2%-ға өсті.

Халықтың әл-ауқатын арттыру міндет

Облыстың жалпы өңірлік өнімінің нақты көлем индексінің орташа жылдық өсу қарқыны 2024 жылы 102,5% деңгейінде болжанады.

Тұрғын үйді пайдалануға беруді 616,5 мың шаршы метр немесе 2023 жылға қарағанда бір жарым есе деңгейде қамтамасыз ету жоспарлануда.

2023 жылы Балқаш, Саран және Теміртау қалаларының қалалық маршруттарында жолаушыларды билеттендіру жүйесін енгізу, өтінімдерді қабылдау процестерін жетілдіру және жеңілдікті жанар-жағармай материалдарын мақсатты игеру бойынша іс-шаралар өткізілді. Қарағанды облысының медициналық ұйымдары кешенді медициналық ақпараттық жүйе мен госпитальдық ақпараттық жүйе арасында дәрілік заттарды есепке алу жөнінде интеграция жүргізілді.

Өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ететін жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізілуде.



Моно және шағын қаладағы инфрақұрылым

Моно және шағын қалаларда инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру мониторингі жүргізілуде.

2023 жылы инфрақұрылымды дамыту шеңберінде моно және шағын қалаларда 5,4 млрд. теңгеге 8 жоба іске асырылды. 29 км жылу және су желілері салынды.

Олардың ішіндегі ең ірілері – «Балқаш қаласының қалалық жағажайының жағалау аймағын қайта жаңарту» және «Саран қаласында қазандық салу» жобалары. Ағымдағы жылы 5 жобаны іске асыруға 4,9 млрд. теңге қарастырылған.

Балқаш қаласындағы қалалық жағажайының жағалауын қайта жаңарту жалғасады, Қарқаралы қаласы көпесінің жолын қайта жаңарту жүргізілді.

Басты мақсаты ауылдағы адамдардың өмірін жақсарту болып табылатын «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру жалғасуда. 22 ауылдық елдімекенде 130 км кентішілік жол жөнделді.

Шет ауданының Мойынты және Босаға ауылдарында 2 мөденіет үйіне күрделі жөндеу аяқталды, Батпак, Садовое, Озерное ауылдарындағы Осакаров ауданындағы тағы 3 мөденіет үйіне жөндеу жұмыстары аяқталу сатысында.

Сондай-ақ, 2023 жылы Бұқар жырау ауданының 3 ауылында клубтар құрылы-

сы басталды. Жобаларды ағымдағы жылы аяқтау жоспарлануда. Бұқар жырау ауданы Трудовое ауылы мен Доскей ауылының су құбыры желілерін, Нұра ауданы Изенді ауылындағы тұщыландығыштар мен су құбыры желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, 2024 жылы аяқталуы жоспарлануда. Бес мыңға жуық тұрғын (4900) сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Жалпы жоба бойынша 2023 жылы 58 628 адам тұратын 35 ауылдық елдімекен немесе ауыл халқының 28% қамтылып, 7,9 млрд. теңгеге 39 жоба іске асырылды.

2024 жылға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 61 521 адамнан тұратын 39 ауылдық елдімекенді қамту жоспарлануда, 9,2 млрд. теңгеге 45 жоба іске асырылатын болады.

127 км кентішілік жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі, клубтардың құрылысы аяқталады, Осакаровка кентінде, Осакаров ауданында бассейн, Қарағайлы кентінде Қарқаралы ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы және Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінде ЖСН кеңейту басталады. 159 жұмыс орнын құруды жоспарлап отырмыз.

«Дипломмен ауылға» жобасы бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша 871,3 млн. теңгеге 171 маманға (94 – білім беру, 37 – денсаулық сақтау, 2 – әлеуметтік қамсыздандыру, 13 – мәдениет, 11 – спорт, 3 – АӨК, 11 – мемлекеттік қызметшілерге) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредиттер, 352 маманға көтерме жәрдемақылар берілді 121,4 млн. теңге (186 – білім беру, 88 – денсаулық сақтау, 6 – әлеуметтік қамсыздандыру, 12 – мәдениет, 14 – спорт, 17 – агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, 29 – мемлекеттік қызметшілерге).

Облыс орталығы мен іргелес аудандар арасындағы өмір сүру деңгейінің төмендеуін төмендету мақсатында Қарағанды агломерациясы республикамыздың агломерациялар Тізбесіне енгізілді.

Агломерация құрамына 5 қала (Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалалары) және Абай, Бұқар жырау және Осакаров аудандарының 28 ауылдық елдімекендері кірді.

Өткен жылдың наурыз айында агломерацияға кіретін өңірлер арасында бірлескен келісім қабылданды, сәуірде агломерация кеңесінің құрамы бекітілді. Қыркүйек айында агломерация кеңесінің отырысында хатшылық сайланды. Қарағанды агломерациясын дамытудың бес

жылдық кезеңге арналған Кешенді жоспарының жобасы әзірленді.

Қарағанды облысында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жалғасуда, онда халықтың қажеттілігі бар, «Сауықтыру» әлеуметтік сала объектілерін талап ететін, ол әрқашан мемлекет басымдықтарының қатарында.

Қарағанды облысында МЖӘ шеңберінде жалпы құны 7,4 млрд. теңге болатын 32 шарт қолданылады, бұл ретте жасалған барлық шарттар жеке қаржы бастамасы тәртібімен бастамашылық жасалған және мемлекеттік міндеттемелерді қамтымайды:

– білім беру саласында 901 млн. теңгеге 5 шарт, оның ішінде 43 млн. теңгеге жеке инвестициялар;

– денсаулық сақтау саласында 6,5 млрд. теңгеге 27 шарт, оның ішінде 7 млрд. 185 млн. теңгеге жеке инвестициялар.

Бұл барлық деңгейдегі бюджеттерді күрделі шығыстардан едәуір «түсіруге» және медициналық жабықтарды сатып алу және оларға қызмет көрсету үшін 6,6 млрд. теңге мөлшерінде жеке инвестициялар тартуға мүмкіндік берді. 1000-нан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Экономиканың нақты саласын дамыту

Жыл сайын Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында басқа да басым бағыттармен қатар экономиканың нақты секторын дамытуға, инвестициялар тартуға және мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін төмендетуге көп көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын қабылдады, оған бәсекелестік ортаға беруге жататын ұйымдардың тізбесі бекітілді.

2021-2023 жылдары коммуналдық меншіктің 15 ұйымын кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру және сату рәсімдері жүргізілді, оның ішінде 11 ұйым – өңірлік БАҚ сатылды.

Жалпы, 2024 жылы экономиканы дамыту кәсіпкерлікті дамытудың әлеуетін одан әрі ашуға және қолайлы жағдайлар жасауға, жұмыс орындарын құруға және азаматтардың нақты табысын арттыруға бағытталатын болады.

Татьяна АБЛАЕВА,
облыстық экономика басқармасының басшысы

Түрме жазаламайды, тәрбиелейді

Ішкі істер министрлігіне қарасты Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ең үлкен бөлімшесі Қарағандыда. Атап айтқанда, Қарағанды және Ұлытау облыстарында. Өңір екіге бөлінгенде, бөлім-бей қалғаны – осы қылмыстық-атқару жүйесі департаменті. Өзге облыстармен салыстырғанда, колониясы ең көп департамент те осы. Мәселен, Қарағанды және Ұлытау облысы қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің қарамағанда 10 мекеме бар. Жалпы, бір ғана мекемеге қарасты осына көп колонияның шоғырлануы – облыс халқының көптігі немесе қылмыс деңгейінің жоғарылығына байланысты емес. Қарағанды облысындағы колониялардың дені – ҚарЛаг-тан мұраға қалған.

Салтанат ІЛНІАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы әсер – алдамшы

Бұған дейін Абай ауданы, Көксу кентінің Северное ауылындағы Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №32 мекемесінде, яғни, облыстағы жалғыз әйелдер колониясында болған едік. Дәл осы мекеме орналасқан жерде ҚарЛаг-тың еңбекпен түзету лагерлерінің бірі болған. Мекеме басшылығы әкімшілік орналасқан ғимараттан басқасының барлығы 30 жылдары тұрғызылғанын айтқан еді сол кезде.

Бірақ, біз арнайы бас сұққан 800 адамға арналған №29 мекеме кеңестен қалған. Яғни, 1958 жылы салынғанын айтады аталған мекеме басшысының міндетін атқарушы, әділет подполковнигі Бекболат Бурлинов. Халық арасында «Қараған» аталып кеткен колонияда аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет сотталғандар, бұрын қасақана жасалған қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеген қылмыстардың рецидивіндегілер отырады. Атауы да өзіне сай – қатаң режимдегі түзеу колониясы.

Шыны керек, бұрын бұл жерге ат ізін салмағанның сыртынан қарап, колония екенін еш ажырата алмаймыз. Айналасы бәрі – апақ. Сол ақ қардың үстіндегі мұз сарайдай әсер қалдырады көз ұшынан көрінгенде. Көрмеген, білмеген адамның жанын қалтыратып, еріксіз өне бойынды бір суық қарып өткендей. Жақындай түскен сайын қорқыныш та ұлғая береді. Себебі, келе жатқанымыз қатаң режимдегі колония. Қанша жерден өзінді қолға алып, эмоцияны тежеуге тырысқанымыз, «Бұл жердегілер аса ауыр қылмыс жасағандар!» деген ой басқаның бәрін ысырып, салқынқандылық танытуға мұрша бермейді. Қапқанын алдына келгенде ғана сәл сабаңа түскендей боласын. Маңдайшасындағы «№32 мекеме» деген жазусыз, колония екенін есте ажырату мүмкін емес. «Алдымыздан «қатаң режимдегі» болғанын кейін, темір қоршауы аспапмен таласқан сұп-сұр ғимарат шығады-ау!» деген күдігіміз жоққа шықты. Айнала тұрғызылған қоршаудың биіктігі адам бойынан сол ғана асады. Ішін білмедік, сыртқы көрінісі қалдырған әсер – осы.

Ала дорба

Колония аумағына кірер алдында мұқият тексеруден өтесін. Бұл – бірінші тексеру емес. Бұған дейін түрмеге кіруге рұқсат алу үшін хабарласқанда тілші мен фотографтың жеке күзлігін алдын ала сұратып алып, бірнеше күн қарастыратыны тағы бар.

Бақылау-өткізу пункті жеке тұрған шағын ғана ғимарат. Келушілер міндетті түрде осы жерден өтеді. Бір жағында арнайы формадағы бақылаушы отырса, бір жағында сотталғандармен кездесуге келушілерді арнайы адам келіп, ішке алып кіргенге дейін күтетін бөлме. Үлкен бөлмені үшке бөлген темір тор. Колония аумағына келушілер дәл осы тар дәлізден өтеді.

Таңғы сағат 09.30. Құжатты тексеріп жатқанда, бақылау-өткізу пунктіндегі келушілер бөлмесіне еріксіз көзің түседі. Жо-жоқ, бөлменің өзіне емес, бөлмеде отырған тірі өлікке. Қытайдың ала дорбасын көтере келген ақ шашты кейуана ту сыртынан қадалған көзді де елер емес. Жанары бір нүктеге қадалып, қалың ойдың құшағына кіріп кеткен. Жанын жегідей жеген ойдан езіліп кеткен де болар, бәлкім?! «Ала дорбасын арқалаған қайран ана облыс орталығынан біраз жерде орналасқан бұл жерге қалай жетті екен?» деген де ойға қаласын. Сырт қарағанда жасы да жетпістен асып, сексеннің сегіріне кеп қалған. Осы жасында бағып-қаққан баласының қызығын көріп, келін жұмсап, немере сүйіп, қолын жылы суға малаптын шағында осындай күйге түскеніне нали-тын да шығар, кім білген!?



Дәл осы жерге келгенде осындай көрініс көз алдымынан шығар деп үш ұйықтасам түсіме де кірмеген. Бауыр еті – баласы үшін шырылдаған қайран ана! Бүгін тағы ала сөмкесін арқалап, осынау жерге ауыр қылмыс жасаған баласына сәлем-сауқатпен келіп отыр...

Құжат тексеріп болғанға дейінгі бірер минутта куә болған көрініс көз алдында көлбеуден көтер емес. Төрінен көрі жақын қарт ананың жан қиналысын көргенде, қылмыскер атаулыны былай қойып, түрме атаулының бәрін жек көріп кеткендейсің.

Құжатыңды алып, тар дәліз-



ден әрі өтіп, колонияның аумағына кіресің. Бұл жерде әкімшілік ғимараты орналасқан. Түрме басшылығы, қызметкерлер дәл осы екі қабатты ғимаратта отырады. Біз үшін әзірге әр жағы әлі беймәлім, түсініксіз. Жылы қарсы алған №32 мекеменің тәрбие бөлімінің бастығы Алтынгүл Сыздықовамен кездескеннен кейін алдындағы ойдың бәрі тарқап жүре берген. Түрме бастығының міндетін атқарушы Бекболат Бурлинов жалпы ақпаратпен бөлісті.

– №23 мекеме 800 адамға арналған. Бүгінде 700-ге тарта, аса



ауыр қылмыс жасаған сотталушы жазасын өтеуде. Түзеу мекемесі екі аймақтан тұрады. Олар – өндірістік және тұрғын үй. Колонияны Ұлттық гвардия күзетеді, – дейді Бекболат Мейрамбекұлы.


Әділет полковнигінің алдындағы бейнекамераларды қарап отырған компьютер мониторына еріксіз көзің түседі. Көңілде «Қарағанды түрмелерінде камерараға ілікпей қалатын «соқыр аймақтар» жоқ па?» деген сұрақ. Себебі, бұған дейін Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы, әділет полковнигі Бекболат Шәкіров бір сұхбатында Қарағанды колонияларында 6529 бейнекамера орнатылғанын айтқан болатын. Бұны Бекболат Мейрамбекұлы да растады. Бейнекамералар бар, тіпті, жатын бөлмелерге дейін орнатылған.

Адаққанға жол сілтеу де – жақсылық

Әкімшілік ғимараттан әрі қарай өтесің. Тексерістің көкесі осы жерде. Өн бойыңды арнайы құрылыммен тексеретіні өз алдына, тіпті, сканерден де өткізеді. Колонияға енді өтуге болатын шығар дегенде, алдыңнан тағы тексеріс. Кірген бетте әр жағындағы темір есік сарт етіп жабылады. Алдында тағы темір есік. Айнала – темір тор. Бұл жерге үш адамнан артық кіруге болмайды. Жаныңдағы терезеге қолыңды созып, құжатыңды ұсынасын. Сәйкестендіріп болғаннан кейін ғана жеке қуалікті алып

«Абақты – айыпты адамды жазалау орны ғана емес, адамның қайтадан қылмыс жасауына жол бермейтін мекеме болуға тиіс»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында сөйлеген сөзінен



Реформа – өміршең өзгерістер

Түрмеде де онлайн дүкен бар

Колонияда бос жүрген ешкім жоқ. Себебі, бұл жердегі шаруаның барлығын сотталушылардың өздері атқарады. Аула сыпыратын да, жатын жерді жинайтын да, тамақ әзірлейтін де өздері. Олдан бөлек, колониядағы кәсіпорындарда да қызу еңбек. Бұл жердегі тоғыз кәсіпорынның жұмыскерлері де сотталушылардың өздері.

Тамақ демекші, бас аспаз – Тұрарбек Сапашев та жазасын

дықтан, концерттеріміз де, сахналанған көріністеріміз де кәсіби деңгейде өтеді. Сотталғандардың айтқысы келген өлеңдерінің фонограммасын тауып береміз, әрі қарай өздері дайындалады, – дейді Алтынгүл Сыздықова.

Шынымен-ақ, кіргеннен көңілді музыка. Еріксіз еңсез көтеріліп, жан-жағына таңдана көз тастайсың. Қабырғадағы картиналардың әрқайсысына бір тоқтап, өзіңе беймәлім дүниенің тылсымын ашқын келгендей, ойға берілесің. Әдемі әнге еріксіз құлақ түріп,



өтеуші. Ас әзірлеуді осы жерде үйренген. Сотталғандар күніне үш рет тамақтанады. Тағамға күзде жәнне қыста аскорбин қышқылы қосылатыны тағы бар.

Еңбек бөлімінің басшысы, полиция майоры Иван Петченко колонияға түскен әр сотталушының мамандығы, қабілеті жеке қаралатынын айтады. Соған сай, жұмыс ұсынылады.

Психологтар жазасын өтеушілердің жан жарасын жазуға тырысса, медицина бөліміне башшылық ететін Кенжегүл Дүйсенбекова, әр науқасқа ерекше ілтипат танытып, тән жарасын жазуға

өтеуші. Ас әзірлеуді осы жерде үйренген. Сотталғандар күніне үш рет тамақтанады. Тағамға күзде жәнне қыста аскорбин қышқылы қосылатыны тағы бар.

Еңбек бөлімінің басшысы, полиция майоры Иван Петченко колонияға түскен әр сотталушының мамандығы, қабілеті жеке қаралатынын айтады. Соған сай, жұмыс ұсынылады.

Психологтар жазасын өтеушілердің жан жарасын жазуға тырысса, медицина бөліміне башшылық ететін Кенжегүл Дүйсенбекова, әр науқасқа ерекше ілтипат танытып, тән жарасын жазуға



өтеуші. Ас әзірлеуді осы жерде үйренген. Сотталғандар күніне үш рет тамақтанады. Тағамға күзде жәнне қыста аскорбин қышқылы қосылатыны тағы бар.

Еңбек бөлімінің басшысы, полиция майоры Иван Петченко колонияға түскен әр сотталушының мамандығы, қабілеті жеке қаралатынын айтады. Соған сай, жұмыс ұсынылады.

Психологтар жазасын өтеушілердің жан жарасын жазуға тырысса, медицина бөліміне башшылық ететін Кенжегүл Дүйсенбекова, әр науқасқа ерекше ілтипат танытып, тән жарасын жазуға

өтеуші. Ас әзірлеуді осы жерде үйренген. Сотталғандар күніне үш рет тамақтанады. Тағамға күзде жәнне қыста аскорбин қышқылы қосылатыны тағы бар.

Еңбек бөлімінің басшысы, полиция майоры Иван Петченко колонияға түскен әр сотталушының мамандығы, қабілеті жеке қаралатынын айтады. Соған сай, жұмыс ұсынылады.

Психологтар жазасын өтеушілердің жан жарасын жазуға тырысса, медицина бөліміне башшылық ететін Кенжегүл Дүйсенбекова, әр науқасқа ерекше ілтипат танытып, тән жарасын жазуға

өтеуші. Ас әзірлеуді осы жерде үйренген. Сотталғандар күніне үш рет тамақтанады. Тағамға күзде жәнне қыста аскорбин қышқылы қосылатыны тағы бар.

Еңбек бөлімінің басшысы, полиция майоры Иван Петченко колонияға түскен әр сотталушының мамандығы, қабілеті жеке қаралатынын айтады. Соған сай, жұмыс ұсынылады.

кейін бұл жерге қайтып келмеулері үшін барымызды саламыз, – дейді Жарас Асанұлы.

Айтпақшы, ас үйге кіргенімізде өзара әңгімелесіп, шай ішіп отырғандарға көзіміз түсті. Жасақ бастығы сотталғандардың туыстары жіберетін сәлемдеме осы жерде сақталатынын, жұмыстан бос кезде өздері шайларын қайнатып, еркінше отыра алатындарын да айтты.

Бізді жатын бөлмеге кіргізген жоқ. Сыртынан ғана көз тастадық. Себебі, жұма – монша күні. Бұл күні тосек-орын да, киім-кешек те жанартылады.

Айтпақшы, колонияның ішіндегі әр ғимаратқа терминалдар қойылған. Жазасын өтеушілер өзінің жеке сәйкестендіру номерін теріп, кез келген мемлекеттік органға жүгіне алады.

Бұл жер қатаң режимдегі колония аталғанымен, сотталғандардың құқығы шектелмейді. Сондай-ақ, ақпарат бұрышынан заңдағы өзгерістер туралы да біле алады, – дейді Алтынгүл Сыздықова.

Айтпақшы, колонияда да онлайн дүкен бар. Жазасын өтеушілер тұйым салынбаған кез келген затқа тапсырыс беріп, са-тып алады.

Түзелу мүмкіндігі

Біз бас сұққан соңғы жер – қысқа және ұзақ мерзімді кездесу орны. Жазасын өтеушінің қылмысының ауырлығына байланысты кездесу уақыты да, мерзімі де әртүрлі. Аса ауыр қылмыс жасағандар жылына бір рет, ал, жазасы жеңілдері үш айда бір рет ұзақ мерзімді, яғни, бес күндік кездесуге құқылы. Ал, бөлмелер дәл үйдегідей жабдықталған. Балаларымен келетіндер үшін ойын бөлмесі де бар.

– Ұзақ мерзімді кездесуге келетіндер үшін жағдай жасалған. Ас үйі жеке жабдықталған. Тамақтарын пісіріп, жазасын өтеушілер өздерін үйде жүргендей сезіне алады. Бұл да оларды түзету жолында жасалатын әрекеттер. Сондай-ақ, осы жерде адвокатпен жеке қалып, сөйлеседі. Біз олардың әңгімелеріне араласпаймыз. Себебі, сотталушы болса да оның құқығы сақталуы тиіс, – дейді бақылаушы Екатерина Гайдукова.

Жоғарыда жазасын өтеушілердің қабілетіне қарай жұмыстарға бөлінетінін де айттық. Осы жердің тазалығын қадағалап, шаруасын жайлап жүрген сотталушы 51 жаста. 29 жасында 25 жылға бас бостандығынан айырылған ол №23 мекемеге 19 жыл бұрын ауыстырылған.

– 90 жылдары жаза басып, жазалы болдым. Жас болдық. Төбелес кезінде екі адам қайтыс болып, 25 жылға бас бостандығымынан айырылдым. Үш жыл мерзімім қалды. Бірақ, бұйырса, осы жылдың наурызында жақсы мінез-құлқым үшін мерзімімен бұрын босатыламын. Отбасым күтіп отыр. Мен сотталғанда қызым кішкентай еді. Қазір бой жетті. Кездесуге келіп тұрады. Өмірім осы жерде өтті деп, өкінгенмен еш қайран жоқ. Бірақ, түзелуге мүмкіндік бар, – дейді жазасын өтеуші.

Асуіге қарай өткенбіз. Қазанның қақпағын ұстап, еттің көбігін алып тұрған апа көзімізге оттай бақылады. Бақылау-өткізу бекетіндегі «тас мүсін» емес, құдды бірнеше жасқа жасарып кеткен ананың бал-бұл жанған жүзінен ерекше бақыт, қуаныштан көздерінен ұшқын байқалды. Алғашқы көргеніміз бен қазіргі кейпі мүлдем кереғар. Баласы үшін бауыр етін жұлып беру-ге бар қайран ана ұлын көргеннен кейін ширап алған. «Бүгін жұма, шөлшек илеймін. Ет асып жатырмын» деп әбігер болған Әмина апамен бір-екі ауыз тілдескеніміз болмаса, әңгімеде тартуға жүрек дауаламады. Аса ауыр қылмыс жасап, 14 жылға сотталған ұлдың тек қана амандығын тілеген ананың жан жарасын тырнап алуға, ұлын көріп, қуанған көңілін су сепкендей басуға қорықтық...

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Сәттібай Темірғалиұлы ЖҮНІСОВ



Әріптесіміз Сәттібай Темірғалиұлы Жүнісовтің мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты суық хабар қабырғамызды қайыстырды.

Өмірден ерте озған болмысы бөлек, ұстанымы берік замандасымыздың айтар асыл ойлары мен халқына берер пайдасы мол еді. Орны толмас өкініш өзегімізді өртеп, асыл азаматтан қапыда айырылып қалдық.

Сәттібай Темірғалиұлы – ұзақ жылдар бойы облысымыздағы мемлекеттік жастар саясаты саласының жүзеге асуы мен дамуына өзіндік үлесін қосқан білімді маман, білікті мемлекеттік қызметші еді. Осы салада жинақтаған мол тәжірибесін ізін басқан жас мамандармен әрдайым бөлісуге, бағыт-бағдар беруге даяр тәлімгер ретінде қалыптасты. Мемлекеттік саладағы мінсіз қызметі үшін республика және облыс басшылығы тарапынан сан мәрте марапат пен Алғас хаттарға ие болды.

Сәттібай Темірғалиұлы қызметімен қатар, шығармашылықты қатар алып жүрген белгілі ақын болған. Оның өңірміздегі зиялы қауым, ақын-жазушылардың ортасындағы


орны бөлек еді. Үлкенге құрмет, кішіге лайықты ізет көрсете білген ақынның қазасына байланысты толастамай жарияланып жатқан көңіл айту хаттары мен жұбау сөздері осының айғағы. Қысқа да болса ғұмырында, жарық көрген өлеңдері мен туындылары біз үшін құнды мұра, баға жетпес естелік.

Өмірлік жолында адал еңбек етіп, абыроймен өткізген, оң істерінің жемісін қалдырған ардақты азаматтың жарқын бейнесі әрдайым жадымызда.

Ұжымның атынан Сәттібай Темірғалиұлының ардақты әкесіне, жолдасы мен балаларына, жақындары мен ағайын-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Жаратқан ұрпағына ұзақ ғұмыр нәсіп етсін.

Асыл азаматтың иманы саламат болсын!

Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы



Шет ауданының тумасы, ардақты әке, сүйікті жар, абзал азамат **Құдайберген БӨСТЕНОВТИҢ** фани жалғаннан бақиға озғанына 28 қаңтар күні 20 жыл толады. Сағынышпен ауырлаған күндер... Арманға толы айлар... Жылаумен жылжыған жылдар... Міне, ардақты жанның ортамыздан кеткеннен бергі 20 жылдың сұрқы – осындай.

Ердің жасы – 50-ге толуына санаулы сәт қалғанда ғазиз жүрек соғуын тоқтатты. Ортамызда аман-сау жүрген болса, 1 ақпан күні асқаралы 70 жасқа толар еді.

Амал нешік... Арамыздан мәңгіге алыстап, жүректерде сағыныш отын маздаттып кете барды. Сағынамыз. Келіп қалардай өлеңдейміз. Асқар тауымыздың құлағанына 20 жыл өтсе де, сенгіміз келмейді.

Алланың әміріне, тағдырдың жазуына шара бар ма?! Топырағы торқа, мекені жұмақ болсын деп, жанына иман тілеумен таң атырып, күн батырып келеміз.

Сіз кеткелі біздерге дүние – жат, Басыңнан бұл-бұл ұшты-ау дүрия бақ. Артыңда қайғы жұтып біздер қалдық, Жүрекке – шер, жанарға – мұң ұялап.

Сізді аңсайды Арқаның қырат-белі, Бұл жалған адал жанға тұрақ па еді?! Амал қанша, артыңнан дұға оқыдық, Мекенің болсын мәңгі жұмақ төрі.

Еске алушылар: **зайыбы, балалары, немерелері.**

Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы орны толмас қаза «Дакия» румын мәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігінің басшысы **Николай Васловасович ПЛУШКИСТИЦ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы «Дакия» румын мәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігінің басшысы **Николай Васловасович ПЛУШКИСТИЦ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

РЕСМИ

Коммуналдық қызмет ақысы қымбаттай ма?

Ыстық, суық суы келіп тұрған, жайлы, жылы пәтерде тұратын қалалықтар құдайдың рақатын кешіп жүргендей көрінеді. Алайда, судың да сұрауы болатыны белгілі. Қарағандыда жана жылдан бастап үш монополисті өз қызметтерінің бағасын көтерді. Сондықтан, ақпан айы туар-тумастан жетегін түбіртектен бұрынғыдан көбірек соманы көргенде, оның дұрыстығына күмәнданбай-ақ қойыңыз. Иә, коммуналдық қызметтер ақысы өткен жылдың маусымында бір қымбаттағаны есімізде. Енді тағы...



Қарағандылықтар жылу үшін бұған дейін әр шаршы метрге 165 теңге төлеп келсе, жана жылдың алғашқы айынан бастап 190 теңге төлейді. Ал ыстық судың әр текше метрі үшін бұрынғыдай 507 теңге емес, 583 теңгеден шығындаласыз. Жылу тарифінің сома-сы пәтеріңіздің аумағына, ыстық су бағасын есептегіштің көрсеткішіне көбейтсеңіз, нақты қанша төлейтініңізді есептеп шығара аласыз.

Көріс жүйелері қызметінің бағасы да күрт өсті. Әжетіңізден шыққан былғаныштар жүйесінің қызметі әр текше метрі үшін 175 теңгеден 213 теңгеге күрт көтерілді.

Қара суды пәтерге жеткізіп отырғандар да баға өсіруден қалысқан жоқ. Судың тарифі 11 пайызға өсіп, ақпан айында әр текше метріне бағыз 135 теңгені енді 150 теңгеге «дөңгелетіп» төлейсіз.

Қарағандыда сумен қамтамасыз ету қызметі еліміздің басқа қалаларымен салыстырғанда бұрыннан қымбат екені белгілі. Жаңа жылдан бастап бағаны тағы да көтеруді Табиги монополияларды

реттеу жөніндегі комитеттің Қарағанды облыстық департаменті мақұлдап отыр. Департамент басшысы Қымбат Бейсенов «Қазақстанская правда» газетіне берген сұхбатында атап көрсеткендей, коммуналдық қызметтердің бағасы «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында көтеріліп отыр. Яғни, тарифті көтеру жолымен түскен қаражат қаланың ескірген жүйелерін жаңартуға мүмкіндік береді.

Ресми деректерге қарасақ, Қарағандының коммуналдық инфрақұрылым жүйелері пайында да әбден тозған, 70-80 пайызын жаңарту қажет. Қызмет көрсетуші компаниялар тораптар мен қажетті жабдықтарды жаңартуға 19 миллиард теңге көлемінде қаражат салмақ. Бұл қаражатқа жүйелердің техникалық жағдайын оңалтып, аварияларды азайтып, коммуналдық қызметтің сапасын арттыруға болады. Сондықтан, қала тұрғындары тарифтер бағасының мәжбүрліктен көтерілгенін біліп, түсіністік танытқаны абзал.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ

Ақ парактай азамат еді

Ашық күнде аспаннан жәй түскендей есеңгіреп қалған жайымыз бар... Сәттібай Жүнісов дейтін тұлға ақ парактай азамат еді. Көңілінде дақ жоқ. Өзі де біреудің көңіліне дақ салмады. Кездескенде жылқыдай шұрқырасып табысушы едік. Өзі жылқыны қалай көп жырласа, өзінің табиғаты да жылқыдай таза еді.

Сәттібай өлеңді өте аз жазатын. Алдыңғы жылы Жазушылар одағы кітабы шықпаған ақындардың тізімін сұрап, сол тізімге қосқанымды айтқанда өлеңдері әлі кітапқа жетпейтінін айтқан. Мен бұған сенбеймін. Сәттібай Жүнісовте қаншама өлең бар. Тек өзі кірпіяз. Елегі мықты. Өзінің елегінен өткен өлеңді ғана жарыққа шығарды-ау деп білемін. Бұл да болса, Сәттібайдың поэзияға адалдығы мен махаббатынан. Кірпіяздығынан. Ал, жарыққа шыққан өлеңдері қазақ поэзиясының жетістігі деп еш ойланбастан айтуға болады.

Қарағандының руханияты қара жамылды. Былтыр аулы ағамыз Сейіл Аяғанды

арамыздан жұлып әкеткен қаңтар биыл Сәттібайдан айырды. Тағдырға тәбділ жоқ. Өз өлеңіндегі шабандоз баладай күй-ғытып өте шықты өмірден.

Алды жарық болмай. Алла панасына алыс! Марқұмның ет жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Бақұл бол, Сәттібай!

Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ,
ақын Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры
Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері:
Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Төрехан МАЙБАС,
Серік САҒЫНТАЙ,
Руслан НҮРБАЙ,
Қайрат АСҚАР,
Ілияс МҰҚАЙ,
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
Ерқанат КЕҢЕСБЕК,
Әділет ШОПЕН,
Ерік НАРЫН

Қара өлеңнің қош енді Сәттібайы!

Ақын, өттің өмірден, кім сенеді?
Қайғы құшып қауымын тенеңеледі,
Жерге тәнің енгенде, жаның ұшар,
Қазағымның бақұл бол, еңселі Ері.

Өнер – айдын, жүрдің бе шарлап дөйім,
Бұйырды ма бақ шіркін бармақтайын?
Домбыра мен каламды қиды дағы,
Жерге түсті қолдарың талғандайын.

Ақын – тағдыр!
Маңайың ерсі етпесін,
Ақын болмыс өз-өзін көрсеткесін.
Сөздің жүгін арқаңа таңып беріп,

Өміріңді өзіңе өлшеткесін.
Қалай енді «ақынмын» демес едің?
Мойыңыңда қалмаса берешегің...
Құнын ұғып жалғанның кеттің білем,
Аллаға да ақынша бер есебін.

Елеңдеңіз жегендей елік етін,
Мақтау сөзге Сен болмай сөміретін.
Тұрсын Жұмаш қырыққа жетпегенде,
Үстіңдегі жейденнен көрінетін.

Сактау керек бауыр да, аға да атын,
Ұққан болса Абайдың аманатын.
Кері баспай бір қадам, сырбазым-ай,
Бір нүктеге жанарың қадалатын.

Сезген болдым жақыннан өлімді енді,
Сені құшып, өзіңнің төрін берді.
Тұрсын Жұмаш қырыққа жетпегенде,
Шынар болып ол бізге көрінген-ді.

Биік еді, жақсылар, биік еді,
Адамзаттық ісіне сүйінді.
Мартбек ағам қырықтан енді асқанда,
Бар қызығын көретін қиып еді.

Жайсандардың қайғы ғой қиылғаны,
Өзі жоқта жаным бұйым ба әні?!
Сейіл аға сағым боп кете барды,
Елу екі жас болды бұйырғаны.

Қыс мезгілі, мөлдіреп ақ түн айы,
Көз алдымда бір жастық шақ құлайды.
Қасиетті қағазда сөзің қалды,
Қара өлеңнің қош енді Сәттібайы!

Ерлан ТӨЛЕУТАЙ

Салтанат СМАҒҰЛТЕГІ

Жанашыр еді

Жиырма төртінші қаңтарда белгілі ақын, жастардың шын жанашыры, әріптесіміз – Сәттібай Темірғалиұлы Жүнісов өмірден өтті.

Сәттібай Темірғалиұлы – 2012-2017 жылдар аралығында Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығында бөлім басшысы лауазымында, директорын орынбасары қызметінде абыройлы қызмет атқарды.

Ол жастардың жанашыры, қолдаушысы ғана емес, ақылшы ұстазы, бағыт-бағдар беретін

жол нұсқаушысы да бола білді.

Сәттібай Темірғалиұлы адал, ақкөңіл, еңбеккер, жайдарлы, қарапайым азамат. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында мемлекеттік қызметкер ретінде ғана емес, ақындығымен, адамдығымен соңына үлкен із қалдыра білді.

Сәттібай Темірғалиұлының отбасына, жақындары мен ағайын-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығы ұжымы

Соңғы кездесуіміз екен

Құдай-ау, бір айналдырса, шыр айналдырады деген осы ма? Өткен апта да ғана әкеміңіз туған апасын жер қойнына тапсырып келіп едім, бүгін күйеу балам, әрі ақын, бозбала шағынан бері қасыма жүрген Сәттібай бауырым қайтыс болды деген қаралы хабар жетті. Қарағандыда осыдан төрт күн бұрын кездесіп, қауқылдасып, әңгімелесіп қалып едік. Сол, соңғы кездесуіміз екен ғой, бауырым-ай! Қырықтан жаңа асқан қылышылдаған шағында айырылып қалдық қой сенен. Бақұл бол, айналайын! Жаратқан нем мейіріміне бөлеп, панасына алыс.

Бағдат МҮБӨРАҚ

Қарағанды облыстық Қоғамдық кеңесі белгілі ақын, қайраткер азамат **Сәттібай ЖҮНІСОВТИҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарына қайғыра көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы белгілі ақын, қайраткер азамат **Сәттібай ЖҮНІСОВТИҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарына қайғыра көңіл айтады.

Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының Қарағанды облыстық филиалы белгілі ақын, қайраткер азамат

Сәттібай ЖҮНІСОВТИҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарына қайғыра көңіл айтады.

«Saryarqa aqparat» медиахолдингінің ұжымы белгілі ақын, қайраткер азамат **Сәттібай ЖҮНІСОВТИҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарына қайғыра көңіл айтады.

SARYARQA телерахнасының ұжымы белгілі ақын, қайраткер азамат **Сәттібай ЖҮНІСОВТИҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарына қайғыра көңіл айтады.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы

Сәттібай ЖҮНІСОВТИҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

№40

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• САЛТАНАТ

Сөз рухы сілкінген күн

Арқа жұрты бір кезеңде жаһанға өркеніет таратқан ұлы халықтың болмысын қаламымен жаңғыртқан Төреханың төріне шығарды. Қалың оқырман таниан кешке дейін қаламгердің шығармашылығымен сусындады. Әуелі Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Алжыған ғасыр» кітабының тұсауы кесілді. Содан кейін, Сәкен театрында «Ең алдымен сөз болған...» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Ауқымды іс-шараның барлығы жазушы, этнограф Төрехан Майбақтың 70 жас мерейтойы аясында ұйымдастырылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітапханадағы тұсаукесерге Қарағандыны былай қойғанда, қазақ байтағының түпкір-түпкірінен қаламгерлер келді. Олар Төрехан Майбаққа ізгі тілегін,

тұрғандай. Мерейтойыңыз құтты болсын! Жазар таусылмасын! Қуат тілеймін, – деді Нұрлан Дулатбеков.

Ал, «Ең алдымен сөз болған...» әдеби-танымдық кеші Төрехан Майбақтың «Көкбөрі» пьесасымен басталды. Кең залдың ішін жаһанның жартысын уысын-



ыстық ілтипатын көрдік.

Сахнаның төріне шақырылған мерейтой иесімен сұхбат өрбіді. Төрехан Майбақ ғаламның жаратылысы жөнінде толғана сөйледі. Сөздің құдіретін айтты. Шығармашылық жолын поэзиямен бастаған Төкен кара өлеңге де ой құрығын шалды. Актерлер кеш інісінің өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Өнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов Ақан серінің «Маңмаңгерін», әнші Ерлан Төлеуғай Мәдидің «Қаракесегін» шырақты. Осылайша, Төрехан Майбақтың қаламымен сөз болып суреттелген қазақтың асқақ рухы ән кейпіне енді.

Кештің ресми бөлігінде облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын сөз алып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мырзаның құттықтауын жеткізді.

– Халқы құрметтеген Төрехан Майбақтың мерейтойын осыдан бір ай бұрын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ашып берген еді. Бір ай дүбірлеген тойдың қорытындысына да куә болып отырмыз. Әдебиет әлеміне жасыңыздан жақын болғаныңызды жақсы білеміз. «Кератты» жазғанда, жасыңыз небәрі жиырмада ғана екен. Бұл – таңғаларлық құбылыс. Шығармаларыңызды жата-жастана оқып өстік. Жазушылықтағы орныңыз бір бөлек. Этнографиядағы салған соқпағыңыз – өз алдына бөлек әңгіме. Тойыңызбен құттықтаймыз! – деді Ерлан Құсайын.

Елордадан Парламент Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов пен

Нұрлан Әуесбаев арнайы келді. Нұрлан Әуесбаев Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын жеткізді. Ал, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқеновтің сәлемін ақын Бағдат Мұбәрак жеткізді. Сонау Маңғыстау облысынан Лаштың аяулы ақыны Светқали Нұржан – құрметті меймандардың қатарында.

– Ассалаумағалейкүм, Сарыарқаның ардақты елі, саңлақ ері, күндәк белі! Қазақтың Акселеу Сейдімбегі өзінің көк тасына «Көктегі күнге, жердегі еліме мейірімім қанбады» деп жазып еді. Мен де құлпытасыма жазылатын сөзді жазып қойдым. «Қазақ, сенің қазынаңды, Маңғыстау, сенің мағынаңды ашамын деп тілімнің бар бояуын жұмсадым. Сол бояу – жүрегімнің қаны еді» деп, Қазына іздеп жүрген қазақпыз. Сарыарқа – қазақ рухының шоқтығы. Бұл шоқтық аласарса, еңсеміз шөгіп кетеді. Аргысы Қазыбек би, бергісі Қасым Аманжоловтан жалғасып келе жатқан сөз рухы осында. Сол асылдардың жалғасы, кеудесінің кебезегі, құлағының шарбағы, көкірегінің сарайы бүгін Төрехан Майбақтың қазынасын қазып жүргендердің бірі едім, – деді Светқали Нұржан.

Бұдан кейін де айтылған лебіз бен жабылған шапан да есеп болмады. Қалың оқырман, қалың орман жұрт қаламгерін осылай құрметтеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫ – 2024

Қоржында – қола медаль

Оңтүстік Кореяда өтіп жатқан IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасында Қазақстан Ұлттық құрамасы хоккейден қола жүлде жеңіп алды. Команда құрамында Теміртау хоккей мектебінің екі тәрбиеленушісі бар.

Үшінші орын үшін өткен тартулы матчта отандастарымыз 6:5 есебімен Аустрия құрамасын жеңген. Оның алдында топтық кезеңдегі ойында Ұлттық құрама аустриялықтармен кездесіп, 8:9 есебімен жеңілген. Алайда, әдемі реванш қолаға жол ашты.

Қола жүлдегерлер қатарында Теміртау хоккей мектебінің екі тәрбиеленушісі – Роман Мичуров пен Егор Кравченко бар екендігі тұтас аймақтың абыройы.

Бұл – Канвондодағы отандық жас олимпиадашылардың үшінші медалі. Бұған дейін трамплиннен секіруде Илья Мизерных чемпион атанса, шорт-трекист Полина Омельчук қолаға ие болған. Әзірге, құрама активінде бір алтын және екі қола медаль.



• ШАҒҒЫ

Жарыс жалауы желбіреді

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының, Бұқаралық және балалар спортының дамуы орталығының ұйымдастыруымен шаңғыдан облыстық дәстүрлі чемпионат басталды.

Жарыстар спорттық шеберлікті арттыру және ел чемпионатына қатысуға үміткерлерді іріктеу мақсатында өткізіліп келеді.

Чемпионатқа қатысуға 7 жас санатында Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран, Абай, Нұра және Қарқаралы аудандарынан 180-нен астам спортшы өтінім берген.

26 қаңтардан бастап, қатысушылар классикалық спринт бойынша сайысқа түседі. Ал, 29 қаңтарда классикалық жарыс, масс-старт бойынша жарыстар өтсе, 31 қаңтарда қатысушылар жеке старттан еркін жүгіруде бақ сынаиды.

• КИОКУШИНКАЙ КАРАТЭ

Қарағандылықтар қара үзді

Киокушинкай каратэ спортының кумитэ (жекпе-жек) бойынша облыстық чемпионаты мәреге жетті. Барлық жас және салмақ санаты бойынша 1500-ден астам спортшы қатысты.



Бұл чемпионаттың 10 жастан асқан боксшылар арасында өтетін Қазақстан Республикасы чемпионатының іріктеу кезеңі болып есептелетінін айта кеткен жөн. 4-5 жас аралығындағы ең жас каратешілерден бастап, 40 және 50 жастағы үлкен жастағы барлық қатысушы екі күн бойы бақ сынасты.

Тәжірибелі төрешілердің шешімімен жалпыкомандалық есепте Қарағанды қаласының командасы I орынға, Шахтинск қаласынан келген команда II орынға, Балқаш қаласының командасы III орынға ие болды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• БИЛЬЯРД

Тастаяқтан топ жарды

Бильярдтан Алматыда өткен Қазақстан Кубогінде қарағандылық Жәнібек Қазыбеков топ жарды. Жәнібектің бұл спорт түрімен айналысқанына – 14 жыл.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тарихи жеңіс жолында спортшы біршама байқауларды артта қалдырды. Олар – қалааралық, халықаралық додалар. Бүгінде оның жасы 21-ге толды. Жәнібек Қазыбеков – қазірдің өзінде Қазақстан Республикасының ресейлік бильярд бойынша спорт шебері, Қазақстан Республикасының үш дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасы Кубоктарының үш дүркін чемпионы, сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері.

– 8 жасымнан бастап, бильярдқа қызығушылық туды. Менің алғашқы жарыстарым 9-10 жасымда өтті. 2019 жылғы ең алғашқы турнирге қатысқаным әлі есімде. Осы жарыстан соң менің жеңіске деген құлшынысым күшейді, – дейді Жәнібек.

Тап осындай жеңіске қол жеткізу үшін, әрине, жаттығу мығым болуы шарт. Жәнібектің жарыс жолындағы дайын-

дығы туралы бапкері Санат Джаниятов айтып берді.

– Ойынды өз ыңғайына қарай өткізу үшін шеберлігі басым болуы керек. Жәнібек күніне 5-7 сағат жаттығу залында айнабай жаттығады. Ол өзінің болашақ қарсыласына мән береді. Ойын алдында оны зерттеп, басымдығы мен осал тұстарына зер салады. Сонымен қатар, оған қарсы тактика ойлап табады. Міне, осындай қадамдар арқылы жеңіс жолына ұмтылады, – дейді бапкері.

Алайда, қарсыласының тактикасын үнемі жорамалдау мүмкін емес. Мұны спортшы да мақұлдайды. Десек те, ең бастысы қарсыластың ойын жүргізу жүйесіне қарап, шешім шығара алу қажет. Ол шешім жеңіске бастар жол екені айқын.

– Жеңістен кейінгі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ойын барысындағы қиындықтарды жарыстан кейін ойласам, ол менің шеберлігімді сынауға берілген кедергілер екенін түсінемін. Тап сол шешімді қабылдамағанда, ойын менің пайдама шешілмес пе еді?! Бірақ, дайындығым мен қабілетіме сенімді болдым. Келесі турнир бір айдан соң Қырғызстанның Бішкек қаласында өтеді. Дайындығымды одан сайын жетілдіріп, ойын тактикасын пысықтауды қолға алмақпын, – дейді Жәнібек.

Сондай-ақ, жас жігіттің жаттықтырушысы ақпан айында Қазақстан чемпионаты екенін айта кетті. Қазір спортшының күнтізбесі өте тығыз, жоспарда жақын және көрші шет елдерге сапарлар тұр.

• БАЙҚАУ

Қарқаралы туралы әндер кеші шақырады

Алаш ардақтыларының алтын бесігі болған қасиетті мекеннің тарихы бай, сыры терен. Осынау сұлу өлкенің таңғажайып табиғаты талай ақынның көкейінен жыр болып, талай әншінің көмейінен ән болып тоғілді! Мүшәйраның жөні бөлек, аудандық мәдениет бөлімі жазғытұрым Арқаның алтын тәжі – Қарқаралыға арналған ән кешін өткізуді жоспарлап отыр.

Кеште Мәди Бәпиұлы, Шәмші Қалдаяқов, Кенжебек Күмісбеков, Илия Жақанов, Ескендір Хасанғалиев сияқты композиторлардың әндері шырақалады. Негізі, қазіргі уақытта Қарқаралы туралы елге танымал отыз шақты ән бар екен. Мәдидің «Қарқаралы», Лензехан Досмақов пен Сапарғали Ләмбековтің «Қарқаралы вальсі», Қанат Мерсалимов пен Серік Ақсұңқарұлының «Қарқаралы – Арқадағы Гүлстан» әндерін бүгінде барша қазақ біледі десек болады. Қарқаралы туралы үлкен сахнадан айтылмаған әндер де баршылық. Ел ішіндегі өнер иелері өмірге әкеліп, әлі көпшілікке таныла қоймаған әндердің барына күмән жоқ. Ән туса да, орындаушысын таппай жатуы ғажап емес.

Қарқаралының қасиеті мен әсемдігін жырлайтын, әлі таныла қоймаған әндер болса, Қарқаралы ауданының мәдениет бөлімі қуана қолдау көрсетеді. Ол үшін осы бөлімге сәуір айына дейін хабарласу қажет. Ән авторлары мен орындаушылары Қарқаралы туралы әндер кешіне шақырылады. Және осы шараға ұсынылған әндердің жинағы шығарылады.

«Ел іші – өнер кеңіші» деген емес пе, халық арасында осы кешті күтіп жүрген өнер иелері табыларына кәміл сенеміз.

Болатбек ӘШМУЛЫ
Қарқаралы ауданы

Сурет автордан



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – «Индустриалық Қарағанды» газетінің бас редакторы – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ
Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмеске
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KZJ8KZKX БИН 000840001412

Таралымы 5416

№ 11 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ